

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 217 (9535) ||

1954 жылғы

31

октябрь Жексенбі

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйып.

## Агро-зоотехникалық курстардағы жаңа оқу жылы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары ауыл шаруашылығын шұғыл әркендетіп, тың жерлерді игеру есебінен елімізде астық молшылығын жасау, сөйтіп жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін никізатпен мол қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Бұл абройлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің озат ғылым мен техниканың қол жеткен табыстарын қолхоз, совхоз өндірісіне кеңінен қолдануына, кәзіргі отандық қуатты бай техниканы жете меңгеруіне байланысты.

Ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлылардың озат тәжірибелерін, ғылым мен техниканың жаңа табыстарын насихаттаудан 1950 жылы ұйымдастырылып, одан бері үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан үшжылдық агро-зоотехникалық курстар үлкен роль атқарады. Бұл курстарда қолхозшылар мен совхоз жұмысшылары оқып, өздерінің агрономиялық және зоотехникалық білімдерін жетілдіреді. Озат тәжірибе мен ғылым табыстарын қолхоз, совхоз өндірісінде кеңінен пайдалануға үйренеді. Сөйтіп, социалистік егіс даласында бітік егін өсіруге, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға қосымша мүмкіндік алады.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің агрономиялық және зоотехникалық білім алуға деген ынтасы өлшеусіз өсуде. Жыл сайын өндірістен қол үзбей оқыйтын қолхоз, совхоздардағы агро-зоотехникалық курстардың саны көбейіп, онда оқыйтын тыңдаушылардың қатары да үздіксіз өсіп келеді. Бұл курстарды ойдағыдай бітіріп шыққан көптеген тыңдаушылар өздерінің теориялық білімдерін практикамен байланыстырып, қолхоз, совхоз өндірісінде айтарлықтай табыстарға жетісуде. Мұны облысымыздың агро-зоотехникалық курстарын ойдағыдай бітіріп шыққан қолхозшылар мен совхоз жұмысшыларының қажырлы еңбегінен айқын көруге болады.

Бұлаев ауданындағы «Гигант» қолхозының үшжылдық зоотехникалық курсты бітірген сауыншылары Пласкивая, Черненко және Будня жолдастар теориялық білімдерін практикада кеңінен пайдаланып, өздеріне бекітіліп берілген сауын сыйырлардың әрқайсысынан 2400 литрден астам сүт сауды. Сол сыяқты Мамлют ауданының Вильямс атындағы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы жергілікті партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық органдарының алдына үшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысын жақсарту, қолхозшылар мен совхоз жұмысшыларын оқытудағы формализмді жою, курстардың оқушыларына алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдануда практикалық бақылауды үйрету, сөйтіп, қолхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмысының жақсаруын қамтамасыз ету талабын қойды. Бірақ облысымыздың партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық органдары Пленум қаулысы алға қойған мұндай маңызды міндетті жүзеге асыруды үлгілі ұйымдастыра алмай келеді. Бұған өткен жылы бірқатар МТС-тердің қамтуындағы қолхоздарда агро-зоотехникалық курстардың ұйымдастырылмағаны, оған қолхозшылардың тартылмағаны толық дәлел бола алады.

Өткен жылы Ленин атындағы МТС-тің (директоры, Супрунюк, бас зоотехнигі Чекунова жолдастар), сондай-ақ, Шағлы МТС-нің (директоры Филиппов, бас агроном Кабукова жолдастар) қамтуындағы қолхоздардың бірде-бірінде агро-зоотехникалық курстар ұйымдастырылған жоқ. Аталған МТС-тің басшылары быйыл өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды жасап, агро-зоотехникалық курстардағы жаңа оқу жылына үлгілі әзірленіп, оған алдыңғы қатарлы қолхозшылар мен жұмысшыларды көптеп тарту керек еді. Бірақ істің жайы тіпті де бұлай болмай отыр. Ленин атындағы, Шағлы МТС-нің басшылары Супрунюк, Чекунова, Филиппов және Кабукова жолдастардың қиясынан осы уақытқа дейін МТС қамтуындағы қолхоздарда курстар ұйымдастырылмай отыр.

Ертен агро-зоотехникалық курстарда жаңа оқу жылы басталады. Бұл курстарда үстеміздегі жылы 7 мыңнан астам қолхозшылар мен совхоз жұмысшылары оқыйтын болады. Облысымыздың көптеген қолхоз, совхоздарында жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары қызу жүргізілді. Бірқатар партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары, қолхоз басқармалары бұл істің маңыздылығын жете түсініп, жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын ерте бастан қолға алды.

## Октябрь мерекесі алдындағы жарыс

### Теміржолшылар сертіне берік

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған ұрандары Петропавл темір жол торабының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері арасында қызу қолдау тауып, оларды өндірісте жаңа табыстарға жете беруге жігерлендіруде.

Темір жол торабының паровоз, вагон деполарында, Петропавл станциясында, паровоздарды техникалық байқаудан өткізетін пунктте, вокзал қызметкерлері арасында, теміржолшылардың біріккен ауруханасында, тағы басқа да мекемелер мен бөлімдерде СОКП Орталық Комитетінің ұрандарын құттықтап қарсы алған әңгімелер өткізілді.

Жол дистанциясы мастерскойының жонұшысы И. Винников жолдас әңгімеге жыйналғандарға:

— Мен бүгінгі күнге дейін сменалық норманы 150 — 200 процентке дейін орындап келдім. Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне арналған СОКП Орталық Комитетінің Ұрандарына жауап ретінде сменалық норманы 200—250 процентке дейін орындап, еңбек өнімділігін еселеп арттыра беруге, өнім сапасын жақсарту беруге міндеттенемін, — деді.

Темір жол торабының барлық қызметкерлері жүк тасымалын арттырып, жолаушыларды қамту ісін жақсартуға және поездардың жүру шапшаңдығын тездетіп, вагондардың жүк көтеретін қуатын толық пайдалануға міндеттеністі.

Бұл міндеттерді аброймен орындап шығу жолында цех шеңбері арасында, бригада мен бригада арасында социалистік жарыс барған сайын кең өріс алып келеді.

Н. МҰРАТОВ.

### Партия шақыруына жауап

Петропавлдың Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің коллективі СОКП Орталық Комитетінің мерекеге арналған ұрандарын асқан зор қуанышпен қарсы алууда.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері! Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын мейлінше өрге бастыру үшін күресіндер! Елімізге астықты, сүтті, етті, жүнді, мақтаны, зығырды, қант қызылшасын, картопты, омыртқы және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп берейік!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған Ұрандарынан).

## Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің жабылу қарсаңында

### 1. КӨРМЕДЕГІ КҮЗ

Күз түсті. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бас кірмесінің салтанатты арқалары ағылып жатқан адамдар тасқыны жаңбырлы күндері азия түсуде. Ал күн сәулесі көрінсе-ақ болғаны, мыңдаған адамдар жаздағыдай лек-легімен келіп, көрменің аллеялары мен алаңдарына лық толады, павильондардың әсем күмбездеріне кіріп аралайды. Енді көп ұзамай 1954 жылғы көрменің жалауы төмен түсіріледі. Астананың қонақтары қолхозшылар, агрономдар, механизаторлар, селолық партия және совет қызметкерлері, ал олармен бірге москвалықтар да еліміздің ауыл шаруашылығының қалай өркендеп отырғанын баяндайтын экспонаттармен танысуға асығуда. Егін даласының еңбекшілері көрмеге қатысушылардың озат тәжірибесі жайында көбірек білуге ұмтылуда.

«Белорус ССР» павильоны залының ең үстінде: «Минск облысы, Минск ауданы, Гастелло атындағы қолхоз» деген ірі жазулары бар экспонаттарға өту өте қиын. Мұнда келушілердің барлық жаңалықты—осы шаруашылықта қолданылып отырған картоп өсірудің агро-техникалық тәсілдерін, сыйырдан қанша сүт сауылатынын, еңбеккүннің құнын, машина-трактор станциясының арадағы қарым-қатынасты, дөңді дақылдар өнімділігі көрсеткіштерін білгісі келеді. Көптеген сұрақтар қойылып, бұл сұрақтарға экскурсияшылар толық жауаптар алууда. Бүгін мұнда Гастелло атындағы қолхоздың председателі Михаил Никитич Володько түсінік беріп тұр.

Быйылғы күн Гастелло атындағы ауылшаруашылық артелінің қолхозшылары көп қуанышқа жеткізді. Михаил Никитич стенде келтірілген цифрларды быйылғы жылдың мәліметтерімен салыстырып тұр. 1953 жылы қолхозда егістік, шабындық және жайылымдық жердің әрбір 100 гектарына 20 сыйыр малы болған еді. Әрбір сыйырдан жылына сауылған сүт 2071 килограмм болды. Ал быйыл артельде әрбір 100 гектар жерге 22 сыйыр малы бар. Сауын сыйырдан әрқайсысынан 2500 килограмнан сүт сауылған.

Қолхоз председателі дөңді дақылдардың қалай өндірілетіні туралы айтып беруде. Артельдің егін даласында зяб пен пчр жырту егіс жұмыстары

Ангелина келді. Ол экскурсияшылар мезгілдерімен кездескенде техника қуатының егін жыйнауда мейлінше толық пайдаланылғаны туралы айтып берді.

Күздің ерекше сыйыпаты көрменің бүкіл жұмысынан айқын көрініп отыр. Мұнда келушілер егіншілердің, малшылардың, бағбандардың зор еңбегінің нақты нәтижелерін көруде. «Астық» павильоны жанында бидай-бидайық бұданы өсіріліп отырған экспонаттық егін учасктортері ерекше назар аударады. Мұнда Прибалтика республикаларында кең таралған № 1 бұдан егілген. Ал Прибалтика республикаларында бұл егістің көлемі 3600 гектардан асады. Экспонаттық учасктортерде сонымен қатар ССРО-ның көптеген облыстарында өсіріліп отырған 17 және 599 бидай-бидайық бұдандары егілген. Калининград, Великие Луки, Алматы, Калуга облыстарында 599 бұданның егісі 50 мың гектардан асады.

Бағбандар бақтың коллекциясын жаңа өсімдіктермен толықтыруда. Быйылғы күзде жидек учаскторінде Москваның К. А. Тимирязев атындағы ауылшаруашылық Академиясының «Отрадное» тәжірибе шаруашылығының ғылыми қызметкері Павлова өсіріп шығарған кехала сорттарының 2 мың түбі отырғызылды. Сонымен қатар қарақаттың 2 мың түбін отырғызуға ұйғарылды, бұл қарақат түптерінің көбі Бирюлев жеміс-жидек тәжірибе станциясының ғылыми қызметкері Смольянинова өсіріп шығарған сорттар болып табылады.

Парниктер мен теплицаларды қамқорлығына алған көрме қызметкерлерінің жұмысы да кәзір өте көп. Ауылшаруашылық ғылымының докторы Корольков жолдастың системасы бойынша жылытылатын учаскторке жақында түсті қауғастаның көшеті отырғызылды. Оның ашық жасыл жапырақтары 5—7 градус аяздан қорықпайды. Ноябрьдің алғашқы жартысында-ақ бұл қауғаста өзек ала бастайды. Осының нәтижесінде бұл учасктортен быйылғы жылы төртінші рет өнім жыйнауға болады.

Көрмедегі ең үлкен, көлемі бір мың шаршы метрден асатын блокты теплицада помидор ісініп тұр. Әдетте, парник

шаруашылығының басқа да озат механизаторлары быйылғы жылы егін жыйнау жұмыстарында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар болды.

Көрмеге жаңадан қатысушылардың арасында Қазақ ССР-нің Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының, Алтайдың және еліміздің басқа аудандарының механизаторлары бар.

Механизатор Б. М. Онушкин Қазақстандағы жаңа жерге барды. Ол Батыс Қазақстан облысындағы Семиглаво—Мар МТС-інде пішпен жыйнайтын КС—10 машинасының машинисі болып істей бістеді. Онушкин быйылғы жылы 20 жұмыс күні ішінде 698 гектар пішпен шауып, жұмысты өте сапалы атқарды. Бұл еңбегі үшін ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бас көрме комитетінің қаулысымен 1954 жылғы көрмеге қатысушы болып бекітілді.

Шығыс Қазақстан облысының бірқатар комбайншылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар болып бекітілді. М. Г. Старцев пен Н. Г. Старцев жолдастар егін жыйнауда тамаша нәтижелерге жетті. Бұлар бір-біріне тіркелген «Сталинец—6» қос комбайнмен 20 жұмыс күні ішінде 1300 гектар егін жыйнап, 19500 центнер астық бастырды.

Астық тасуда үздік шыққан біртөп шоферлер Бас көрме комитетінің қаулысы бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар болып бекітілді. Семей облысындағы Беловод автоколоннасының шоферы К. И. Суховорхов «Газ—51» автомашинасымен 20 жұмыс күні ішінде 321 тонна астық тасып, 11. 220 тонна километр жол жүрді. Сол автоколоннаның шоферы Н. И. Бондарь және басқалары да көрмеге қатысушылар қатарына қосылды.

Көрмеге Алтайдан да көптеген жаңа адамдар қатысып отыр. Жақында ғана Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар етіліп бекітілген Подсоснов МТС-індегі А. И. Назаренко бір-біріне тіркелген «Сталинец—6» қос комбайнмен 18 күннің ішінде 16. 839 центнер астық бастырды, Ключев МТС-індегі Н. М. Голубев сол агрегатпен 19 жұмыс күні ішінде 16700 центнер, Слав-

Соколов, Подушень МТС-терінің қамтушыдағы колхоздар агрозоотехникалық курстардағы жаңа оқу жылына үлгілі әзірленіп, оны ұйымшылдықпен бастағалы отыр. Мұнда оқытушылар коллективі күнделікті іріктеліп алынған. Ал курстарға алдыңғы қатарлы колхозшылар тартылған. Соколов МТС-інде курс оқытушыларының екікүндік семинары өткізілді. Онда тәжірибелі агрономдар Михеева және Головин жолдастар өздерінің сабақ беру әдістері жөнінде баяндама жасады. Агрономдар бір-бірімен пікір алды. Преснов, Ильич атындағы МТС-тердің қамтушыдағы колхоздар да жаңа оқу жылына тынақты әзірледі.

Агрозоотехникалық курстардың сабағы идеялық жоғары дәрежеде, практикамен байланыстырыла жүргізіліп, оған алдыңғы қатарлы колхозшылар мен совхоз жұмысшылары тартылған жерде ауыл шаруашылығы жұмыстарының да ілгері бастынын, егіннен мол өнім алуға болатынын тәжірибе көрсетіп келеді. Өткен жыл Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» колхозындағы агроном Михеева жолдас басқаратын агрозоотехникалық курс оқу жылын ойдағыдай аяқтады. Оқудың өндіріс практикасымен тығыз байланыстырыла жүргізілуі, алдыңғы қатарлы агрозоотехника әдістерін үйрену, оларды жұмысқа айтарлықтай қолдана білу тыңдаушылардың агрономиялық білімдерін анағұрлым арттыра түсті. Соның нәтижесінде «Дозор Ильича» колхозы быйыл бітік егін өсіріп, қоғамдық мал басын өткен жылғыдан едәуір арттырды. Колхоз өмшө дақыздарынан да көптеген өнім алды.

Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздың агрономы Финко жолдас біраз уақыттан бері агрозоотехникалық курста оқытушы болып істеп, сабақ беру өзінің тыңғылықты меңгерді. Өткен жыл курста оқыған 20 колхозшының бәрі де ұшындық агрозоотехникалық курсты ойдағыдай бітірді.

Өткен оқу жылында облысымыздағы ұшындық агрозоотехникалық курстарда 7 мыңға жуық колхозшылар мен совхоз жұмысшылары оқыды. Бірақ сабақты мезгілінде өтпеуінен, колхоз басқармалары мен ауылшаруашылық органдарының сабақты үлгілі ұйымдастыруға жете көңіл бөлмеуінен көптеген тыңдаушылар курстарды бітіре алмады. Агрозоотехникалық курстарда оқыған 5232 колхозшыдан 1120 колхозшы, ал 1271 совхоз жұмысшыларынан 252 тыңдаушы ғана оқуды толық аяқтап, ауыл шаруашылығы мамандары деген атақ алды.

## Қостанай даласындағы жаңа астық совхоздары

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Урицкий ауданының Вишневец острова алқабында орман ішіндегі үлкен алаңда қызыл жалзу желірен тұр. Оған қатар кішкене тақтайға «Тимирязев астық совхозы» деп жазылған. Бұл — Қостанай облысында тың жерлерде жаңадан ұйымдастырылатын 72 астық совхозының бірі. Мұнда көздің өзінде орталық ұсадыба салынатын, болашақ су тоғандары мен трактор егіс бригадаларының егіс қостары салынатын жерлер белгіленді. Совхозға жұмысшылар келе бастады. Асхана, контор, жатақхана, магазин орналасатын үйлер жабдықталуда. Жаңа совхозға арналған жүктер келіп түсе бастады. Жылжымалы құрғақ, аспаптар алынды. Жаңа совхоз-

Партия бізді халық тұтынатын тоғандарды бәрінша мол және жоғары сапада шығаруға шақырады, — деді озат етік піңшүші Шафхат Исеев. Мен Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі вахтаға тұрып, сменалық норманы 125 процентке дейін орындауды міндеттенген едім. Алған міндеттемемді аброймен орындап келемін. Кәзір сменалық норманы біржарым еседен артығырақ орындап жүрмін. Туысқан партиямыздың шақыруына жауап ретінде еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеп арттыра беремін.

Сол сыяқты артель жұмысшылары Рудковский, Плесовских тағы басқа өндіріс озаттары еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын жақсарту беруге жаңа міндеттемелер алды.

Артель коллективі октябрь айының аяғына дейін жоспардан тыс тағы да 30 мың сомның былғары аяққимдерін тігіп шығаруды дйғарды.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының ауылшаруашылық насихаты басқармасы мен совхоздар тресі агрозоотехникалық курстардың жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасап, олардың жұмысын жақсарту арқылы колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының агрономиялық және зоотехникалық білімдерін арттыруға жетісе беруі тиіс.

Колхоз, совхоз кадрларының агрозоотехникалық оқуы — мемлекеттік маңызы зор іс. Оны үлгілі ұйымдастыру — жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының, МТС және колхоз, совхоз басшыларының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеті.

дарға екі пәтерлі бес стандарт үй, автомобильдер, 25 тұрғын вагондар бөлінді. Семиозер, Мендйқара, Боровской, Ұзынкөл, Ключевой және басқа астық шаруашылықтар ұйымдастыру кезеңінде. Бұлардағы құрылысқа тек алғашқы жылы ғана жарты миллиард сом жұмсалды. Көптеген жаңа совхоздардың құрылуы құрылыс материалдарын өндіретін бірсыпыра кәсіпорындарды салуды қажет етіп отыр. Жаңа жерлер игерілетін аудандарда темірбетон конструкцияларының кірпіші, ақ, заводтарын және шлақблек кәсіпорындарын салу белгіленді. Жаңа совхоздар келесі жылдың өзінде ғана жарты миллион гектарға жуық тың жер игереді.

Партия бізді халық тұтынатын тоғандарды бәрінша мол және жоғары сапада шығаруға шақырады, — деді озат етік піңшүші Шафхат Исеев. Мен Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі вахтаға тұрып, сменалық норманы 125 процентке дейін орындауды міндеттенген едім. Алған міндеттемемді аброймен орындап келемін. Кәзір сменалық норманы біржарым еседен артығырақ орындап жүрмін. Туысқан партиямыздың шақыруына жауап ретінде еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеп арттыра беремін.

Сол сыяқты артель жұмысшылары Рудковский, Плесовских тағы басқа өндіріс озаттары еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын жақсарту беруге жаңа міндеттемелер алды.

Артель коллективі октябрь айының аяғына дейін жоспардан тыс тағы да 30 мың сомның былғары аяққимдерін тігіп шығаруды дйғарды.

Х. РАХМЕТОВ.

# ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ

## Ұлы Октябьдің құрметіне

СОФИЯ, 29 октябрь. (СОТА). Болгарияда Ұлы Октябь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыс мейліне кең өрістетілуде. Көптеген коллективтер мереке құрметіне өндірістік жоспарларын асыра орындауда. «Чипровцы» руднигінде жұмысшылардың барлығы дерлік мереке алдындағы жарысқа ұштасты. Октябьде кен шығару жоспарын бұл руднигін коллективі мерзімінен бұрын орындады және соңғы 10 күн бойы ноябрь жоспарының есебіне жұмыс істеуде. Марицк көмір бассейнінің шахтерлері көмір шығарудың он айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Октябь алдындағы вахтаға тұрып, шахтерлер үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанындағыдан көмірді едәуір артық шығаруда. Софиядағы Георгий Димитров атындағы қалқуқ комбинатының және Эрнст Тельман атындағы тоқыма фабрикасының коллективтері өздерінің айлық жоспарын асыра орындауда. Пловдив торабының теміржолшылары көздің өзінде миллион тоннадан астам жүкті жоспардан тыс тасымалдады.

Польша Халықтық Республикасының кеншілері мен металлургия, тоқымашылары мен машина жасаушылары, мемлекеттік ауыл шаруашылығының қызметкерлері және құрылысшылар Ұлы Октябь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіндегі жарысты кеңінен өрістетті. Жүздеген мың жұмысшылар көздің өзінде мереке алдындағы еңбек вахтасына тұрды.

## ГДР МЕН ВЕНГРИЯ АРАСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТІМАҚТЫ ӨРКЕНДЕТУ

БЕРЛИН, 29 октябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда октябьдің 18-нен 23-не дейін Берлинде Герман Демократиялық Республикасы мен Венгрия Халық республикасы арасындағы жеңіл өнеркәсіп саласында экономикалық ынтымақ туралы келіссөздер жүргізілген. 23 октябьде протоколға қол қойылған. Белісімнің мақсаты екі елдің жеңіл өнеркәсіпін өркендетуге және олардың арасындағы достықты оған әрі нығайтуға көмектесу.

механикаландырылған. Өткен жылы колхозшылар дәнді дақылдардың әр гектарынан 21 центнерден өнім алған болса, быйылғы жылы 24 центнерден өнім алып отыр.

Көрмеге күн сайын колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің кемінде үш мың өкілдері келуде. Бұлардың көбі астықтан, жемістен, овоцтыан, техникалық дақылдардан мол өнім алғаны туралы, быйылғы жылы кол жеткен барлық табыстар туралы жақсы хабарлар әкелуде.

Жуырда көрмеге Старо-Бещев МТС-нің трактор бригадасының бригадирі, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Прасковья Никитична

## 2. КӨРМЕНИҢ ЖАҢА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашыған күнге дейін оның 168.999 қатысушылары болған еді. Көрме жұмыс істеген уақыттың ішінде олардың саны едәуір көбейді. Көптеген астық комбайндарының комбайншылары,

шаруашылықтарында помидордың бір маусында екі рет өнім алынады. Ал овоц шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері помидордың бұдан да гөрі шапшаң өсуіне жетіп, жылына үш рет өнім жыйнауда. Быйыл теңізде помидор бірінші рет жыйнала бастайды. Мұнда декабьге дейін пісіп жетілген овоц тағы да жыйналатын болады.

Қуз—егіннен мол өнім өсіруші шеберлер еңбегінің қорытындыларын шығаратын кезең жетті. Сондықтан да Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі өзінің жабылуы қарсаңындағы күндерде социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жаңа табыстарын айқын көрсетіп беруде.

П. ВЛАДИМИРОВ.

олардың көмекшілері, картоп жыйнайтын комбайндардың комбайншылары, мақта жыйнайтын машиналарды, жүргізуші механиктер, пішен машиналарының, зығыр жулғыштардың, конопля жыйнайтын машиналардың машинистері және ауыл

Көрменің жаңа қатысушыларының арасында ауылшаруашылық өндірісінің озат тәжірибесін насихаттаудың үлгілерін көрсеткен «Красный курган» газеті бар, «Урал» павильонына екі үлкен альбом жеткізілді, бұл альбомдарда колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің жұмыс әдістері туралы «Красный курган» газетінде басылған материалдар жыйналған. «Красный курган» газетінің беттерінде Т. С. Мальцевтің жұмыс тәжірибесі туралы мақалалар, агрономдардың, колхоз председателдерінің, МТС және совхоз директорларының егіс және трактор бригадалары бригадирлерінің, тәжірибелі колхозшылардың корреспондентиялары үнемі басылып тұрды. Газет өз оқушыларының кеңестерін, жыйналыстарын, конференцияларын, ұйымдастырып, бұларға егіннен мол және тұрақты өнім алуға көмектесетін озат тәсілдер мен әдістер талқыланды.

Г. ЧЕРНОВ, С. ПИНЧУК.

## Польша еңбекшілері Октябьдің 37 жылдығы құрметіне

ВАРШАВА, 29 октябрь. (СОТА). Польша Халықтық Республикасының кеншілері мен металлургия, тоқымашылары мен машина жасаушылары, мемлекеттік ауыл шаруашылығының қызметкерлері және құрылысшылар Ұлы Октябь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіндегі жарысты кеңінен өрістетті. Жүздеген мың жұмысшылар көздің өзінде мереке алдындағы еңбек вахтасына тұрды.

«Бобрек» металлургия зауыдының болат балқытушылары мереке алдындағы вахтаның алғашқы күндерінде жоспардан тыс 325 тонна болат балқытты. Силезиядағы 8 шахтаның кеншілері, оның ішінде «Генерал Завадский», «Кокордия», «Челадзь», «Готвальд», «Мортимер» және басқа шахталардың кеншілері көмір шығару жөніндегі октябь айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Айдың аяғына дейін олар тағы да қосымша жүздеген тонна көмір беруге міндеттенді.

Гданьск кеме верфінің коллективі алда тұрған октябь мерекесінің құрметіне жаңа кемеңі белгіленген мерзімнен 50

## Герман-Совет достығы айлығына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Берлиннің инициатива комитетінің үндеуі

БЕРЛИН, 29 октябрь. (СОТА). Берлиннің Герман-Совет достығы айлығына әзірлік және оны өткізу жөніндегі инициатива комитеті қала халқына үндеу жариялаған, онда халықты Совет Одағының халықтарымен және барлық басқа

## Корей халқына туыскандық көмек

ПХЕНЬЯН, 29 октябрь. (СОТА). Корей телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Солтүстік Хамген провинциясының фабрикалары мен кәсіпорындарына соғыстан кейінгі қалпына келтіруге және құрылыстар салуда корей халқына көмек есебіне Совет Одағынан құрылыс материалдары, механизмдер мен станоктар әлі де келіп тұсауда.

Сончжинь металлургия зауыды алған көптеген қалпына келтіру және құрылыс материалдары қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарына пайдаланылуда. Жуырда завод станоктардың жаңа тобын алды.

Чхончжинь машина жасау зауыды көптеген станоктар алды, оның ішінде фрезерлік, котел станоктары және басқалары бар.

## ЧЕХОСЛОВАКИЯ МЕН ГДР АРАСЫНДАҒЫ ТЕЛЕВИДИЕНИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҮНТІМАҚ

ПРАГА, 29 октябрь. (СОТА). Чехословакия телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, жуырда Прагада Чехословакия мен Герман Демократиялық Республикасы арасында телевидения саласындағы ынтымақ туралы Протколға қол қойылған.

# П А Р Т И Я Т Ұ Р М Ы С Ы

## Механизаторлар арасындағы партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

### Совет МТС-і партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысынан

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейінгі бір жылда Совет МТС-нің өмірінде зор өзгерістер болды. Станцияның трактор паркi 36 қуатты жаңа тракторлармен, ондаған басқа да күрделі ауылшаруашылық машиналарымен толықтырылды. МТС-тің штатына 100-ге жуық механизатор кадрлары, ауыл шаруашылығының басқа да мамандары, инженер-техник қызметкерлер қосылды. Станцияға партияның шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін келетін патриоттар келді. Демек МТС-те колхоз өндірісін өскелеңдетудің дәрежесінде ұйымдастыру үшін қажетті мүмкіншіліктердің бәрі де бар.

Партия ұйымы осы мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, МТС қызметкерлерін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне белсене жұмылдыра алды ма, оның жұмысындағы кемшіліктер мен оқалықтар қандай? Совет МТС партия ұйымының жуырда болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында осы мәселелер жан-жақты талқыланды. МТС коммунистері партиялық-саяси жұмыстың нәтижелеріне колхоздардың көп салалы өндірісін ұйымдастыруда, әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайтуда қол жеткен табыстарға қарай баға берді.

Айта кетерлік өкінішті жағдай сол — партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында партия ұйымының секретары Павленко жолдастың есепті баяндамасы коммунистердің үмітін ақтамады. Оның баяндамасынан төкпейлік пен масаттанушылықтың лебі аңқып тұрды. Ол «көктемгі дала жұмыстары және тың жерлерді игеру жөніндегі талсырма мерзімінен бұрын орындалды, МТС облыстық Құрмет Тақтасы бетінен орын алды» деген лепіме сөздерді айтып, көктемгі, күзгі егіс жұмыстарының нәтижесі қамбаға жыйналған астықтың мөлшерімен бағаланатынын естен шығарды. Бүгін коммунистер қатты қынжылды.

Расында МТС-те өндірістік жұмыстың нәтижелері Павленко жолдастың баяндамасында айтылғаннан мүлдем басқаша. Жарыссөзде сөйлеген коммунистер сын мен өзара сынды кеңінен өрістете отырып, МТС-тің бүкіл жұмысына терең талдау жасады, кемшіліктердің бетін батыл ашты.

Партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында айтылғандай, МТС колхоз өндірісін ұйымдастыруда колхозшы шаруалар алдында, мемлекет алдында көп борышты болып отыр. Мұны төмендегі фактілерден айқын аңғаруға болады. Быйыл

көрді. Бірақ, не пайда, олар жұмыстың сапасын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды ескермеді.

Бұл бригаданың жұмысы пар және зияб жұрту кезінде де сапасыз болды. МТС-тің № 10 трактор бригадасының жұмысы жөнінде де осыны айтуға болады. Мұнда көктемде көтерілген тың жерлер 10—13 сантиметр тереңдікте ғана жұртылды. Сондықтан «Борьба за коммунизм» колхозының колхозшылары жаңа жерлерге орналастырылған егістен мол өнім жыйнай алмады.

Сол сыяқты, МТС қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіне де өзінің кемелі үлесін қоса алмай келеді. МТС қамтуындағы 8 колхоздың бірде-бірі қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындай алмады. МТС қамтуында мал шаруашылығында күрделі жұмыстар механикаландырылған бірде-бір колхоз жоқ. Колхоздардың сатып алған 3 жел двигателі МТС мамандары тарапынан қажетті көмек болмауының салдарынан осы күнге дейін жұмысқа қосылмай тұр.

Коммунистер МТС-тің өндірістік жұмысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктердің орындалуының басты себептерінің бірі партия ұйымының механизаторлар кадрлары арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыра алмауынан деп тапты.

—МТС партия бюросының жұмысындағы елеулі бір кемшілік сол, — деді СОБП мүшесі Нестеренко жолдас, — бюро коммунистердің еңбекте өнеге көрсетуіне, олардың бұқаралық-саяси жұмысқа белсене қатысуына жете назар аудармады. Павленко жолдас трактор бригадаларында болғанда көбінесе шаруашылық жұмыстардың мәліметтерін жыйнаумен ғана қанағаттанып, ондағы партия топтары мен комсомол ұйымдарының жұмысына назар аудармады. Сондықтан комсомол ұйымдарының, партия топтарының бригада жұмысына қажетгі ықпал жасай алмауларына таңдануға болмайды.

Партия жыйналысы — коммунистердің тәрбие мектебі. Солай бола тұрса да МТС-те партия жыйналыстарының жоспарлы өтуі, онда коммунистердің мәселені талқылауға белсене қатысуы қамтамасыз етілмеді.

—Мен түнгі сменіде жұмыс істеймін, — деді токарь Шмелев жолдас, — сондықтан бірқатар партия жыйналыстарына қатынаса алмадым. Бұл жөнінде мен Павленко жолдасқа хабарлап едім, ол менің жыйналысқа үнемі қатысып отыруыма көмектеспеді. Мен сыяқты, партия жыйналыстарына қатынаса алмай

күні бұрын хабарландырылып отырылмады. Сондықтан бюро мүшелерінің кейбіреулері мәселені талқылауға белсене қатыса алмады. Павленко жолдас бюро мәжілісінде қаралатын мәселелерді тек МТС директорымен ақылдасып, шешіп жүрді.

Коммунистер Гушало, Лобов, Махиня жолдастар өздерінің сөздерінде МТС дирекциясы мен партия ұйымы механизаторлардың тұрмыстық қажетін өтеуге жете назар аудармай келгенін айтты. Быйыл механизаторлар үшін салынатын пәтер үй құрылыстары аяқталған жоқ. Асхана, магазин, клуб үйлерін салу жұмыстарын ерте бастағанмен, ұзаққа созылып келеді. Бұл жөнінде партия бюросында, партия ұйымының жыйналыстарында бірнеше рет мәселе қаралып, құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейту жөнінде нақтылы қарарлар қабылданды. Бірақ, не пайда, ұйымдастыру жұмыстарымен нығайтылмауы себепті ол қарарлар қағаз жүзінде қалып қойды.

Жарыссөзде сөйлеген коммунистердің бірқатары партия ұйымының саяси үгітті шаруашылық міндеттермен ұштастырмай, жалаң жүргізуі жөнінде орынды сын ескертпелер жасады. Партия ұйымы үгіт коллективінің жұмысына басшылық пен бақылауды қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан трактор бригадаларында үгітшілердің әңгімелері оқта-текте ғана ұйымдастырылып, ол әңгімелер механизаторлардың практикалық жұмыстарымен тығыз байланыстырылмады. Трактор бригадаларында жауынгерлік листоктар кезінде шығарылмады, онда өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелері кеңінен насихатталмады. МТС-те Помилов, Погуляев, Игнатенко жолдастар басқарған трактор бригадалары жұмыста жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл бригадаларда әрбір 15 аттық күші бар трактормен 730-818 гектардан жер жұмысталды. Осы сыяқты озат бригадалардың жұмыс тәжірибелерін қорытуды, оны жалпының игілігіне айналдыруды партия ұйымы естен шығарды.

Партия ұйымының ауыл шаруашылығының озат тәжірибелерін насихаттау мәселесіне немқетті қарауын тағы да мынандай бір фактімен дәлелдеуге болады. МТС-тің көптеген механизаторлары үстіміздегі жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып келді. Олардың өндірістік жыйналыстарда, механизаторлар арасында ауылшаруашылық көрмесінен көрген-білгендері жөнінде пікір алысуларын ұйымдастыру маңызды жұмыстардың бірінен саналады. Бірақ партия ұйымы

## Бүгін Орталық Ферғанада

ФЕРҒАНА, 29 октябрь. (СОТА). Ізден табушылар, механизаторлар және жер суарушылар отрядтары Орталық Ферғананың шөл аудандарының түкпіріне қарай онан әрі ілгерілуде. Олар қанааңдар қазады, су тораптарын салады. Ғасырлар бойына пайдаланылмай жатқан жерлер мақта далаларына, бақтар мен жүзімдіктерге айналуда.

Ферғана, Андижан және Наманган облыстарының механизаторлары мен колхозшылары соңғы екі жыл ішінде далада жүз километрден астам жер суландыру және суару жүйелерін салды, мақта егісі үшін ол мың гектарға жуық құнарлы жерлерді игерді. Көптеген колхоздар үстіміздегі жылы тың жерлерде әрбір гектардан 30 центнерден шитті мақта өсірді. Жаңа жерлерде үш өкімшілік аудан — Язьяванек, Бүзек және Задарья аудандары құрылды, он жаңа МТС ұйымдастырылды.

Орталық Ферғананың шөл даласына шабуыл әлі жүргізілуде. Іздестіру жұмыстары аяқталды, кең көлемді Улунгар жерін игеру үшін документтер дайындалды, бұл жерге ұзындығы 150 километрлік қанааңдар салынады.

Ізден табушылардың ізінше «Ферғана-водотрой» тресінің механизаторлар отряды жүрiн отырады, олар үстіміздегі жылы 30 мыңнан астам гектар жерді пайдалануға береді. Суландыру және суару жүйелерін салу жөніндегі барлық жұмыстардың 90 процентін машиналар атқарады. Мұнда 100 әжекаватор, көптеген бульдозерлер, скреперлер, автомашиналар және басқа да техника жұмыс істейді.

Таяудағы төрт жылда Ферғана, Андижан және Наманган облыстарының ауыл шаруашылығы айналымына 142 мың гектар тың, тыңайған жерлер енгізілетін болады.

### САНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР ЗАВОДТАРЫН САЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖОБАЛАУ

ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары тұрғын үй және мәдени-тұрмыс құрылыстарына арналған санитарлық-техникалық жабдықтар шығаруды кеңейтуде.

Бірқатар қалаларда санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын жаңа заводтар салынуға және жұмыс істеп тұрған заводтар қайта жобалануда. Сталинскіде (Кемеров облысы) эмальді шойын ванналар, су жылытатын колонкалар және басқа бұйымдар шығаратын ірі заводтың құрылысы басталды. Хабаровскіде ірі кәсіп орыны салынуға. Ол жыл сайын еліміздің жаңа құрылыстары үшін жылыту алаңы әртүрлі екі мыңнан астам жылыту қазандарын және 750 мың шаршыметрлі радиаторлар шығаратын болады. Санитарлық-техникалық жабдықтар заводтарының құрылыстары жуырда Сталинградта, Липецкіде және басқа да қалаларда басталады.

Ростовтың радиатор, Сукромельскінің труба құю, Кировтың шойын құю және

## Сапалы тұқым әзірлеуге жете назар аударылсын

Сапалы тұқымды жеткілікті әзірлемейінше, келесі жылы егіннен тұрақты мол өнім алуға болмайтыны кімге болса да белгілі. Сондықтан колхоз басшылары кәсіпті уақытқа барлық мүмкіншілікті сапалы тұқым әзірлеуге жұмылдырулары керек. Бірақ Преснов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жағдай бұған мүлдем керісінше. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздардың көпшілігі осы уақытқа дейін тұқым құю, тұқымдық дөңді тазарту, сойтіп шығымдылық сапаға жеткізу мәселесімен жете шұғылданбай отыр.

Бұл жөнінде мысалға «Победа» колхозын (председателі Алексеев жолдас) алуға болады. Мұнда осы уақытқа дейін тұқым құю жоспары орындалмаған. Шынында колхозда сапалы тұқымды әзірлеу алуға мүмкіншіліктер болды. Не пайда, колхоз басшылары сол мүмкіншіліктерді жете пайдалана алмады. Тіпті мұнда тұқым сақтайтын орындар да жеткіліксіз. Осы себепті бірсыпыра тұқымдық дөң мал қораларында сақталуда. Тұқымның енді бір бөлігі астық қырмаңдарында комбайнмен бастырылған күйді тазартылмастан жатыр.

«Сталин жолы» колхозы келесі жылы 4 мың гектардай егіс етуге тиіс. Оның көпшілігі тың және тыңайған жерлерге егіледі. Колхоз басшылары егіннен бітік өнім алу үшін сапалы тұқым әзірлеуге осы бастан жете назар аударулары керек еді. Бірақ, олар бұл істе жайбарақаттыққа салынып, тұқым дайындау мәселесіне назар аудармай жүр. Әлі күнге дейін 3 мың центнер жаздық бидай тұқымы та-

зартылмастан жатыр. Оның көпшілігі астық қырмаңында сақталуда.

Хрущев атындағы колхоз да құйылған тұқымды тазартуға кіріскен жоқ. Бұл кемшілікті колхоз председателі Гушин жолдас «тұқым тазартуға қол тиер емес, өйткені, барлық мүмкіншілік мал қыстауға әзірлікке жұмылдырылуда» деп бүркемелегісі келеді. Шынында колхозда бірқатар колхозшылар ауылшаруашылық жұмыстарына қатыспайды. Оларды астық тазартуға қатыстыру, астық тазартатын машиналарды іске тиімді пайдалану мәселесіне колхоз басшылары көңіл бөлер емес.

Бұл аталған колхоздардың басшылары тұқымдық дөңді МТС-тің астық тазартатын күрделі «ВИМ» машинасымен тазартуды ойластырып, ол астық тазартқыштардың келуін күтуде. Бұл жөнінде МТС басшылары колхоздарға қатаң уәде де берді. Мәселен, МТС басшылары «Сталин жолы» колхозына «ВИМ» астық тазартқышын 10 октябрьге дейін жіберуге міндеттенген болатын. Бірақ, бұл астық тазартқыш колхозға әлі күнге дейін келген жоқ.

МТС қамтуындағы колхоздарда өңгіштігі мол тұқым әзірлеу ісінің жайы осындай төзгісіз жағдайда. МТС және колхоз басшылары бұл істегі кемшіліктерді дереу жоюға, тұқым тазартуға колхоздардың, МТС-тердің астық тазартқыштарының өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс.

М. ӘКІМЖАНОВ.

## Шопан Жанатаевтың семьясының табысы

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Быйыл Ертіс бойының колхоздары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндіруді арттырудың нәтижесінде өздерінің табысын бірнеше есе молайтты. Колхозшылардың материалдық әл-ауқат дәрежесі артты. Павлодар ауданындағы Қарл Маркс атындағы колхозда колхозшылар әрбір еңбеккүнге астықты және басқа азық-түліктерді есептегенде, 10 сомнан ақша алады.

Шопан Абдрахман Жанатаевтың семьясында еңбекке жарамды бес адам бар. Әйелі мен екі ұлы — қатардағы колхозшылар, ал ұлы Әнуар — Чернорецк МТС-нің тракторшысы. Олардың бәрі қоғамдық еңбекке белсене қатысады. Бұл семья гек аванс ретінде ғана 7.500 сом ақша жөле 470 пұт астық алды. Жанатаев тұтынушылар кооперациясына көп астық сатып, ол үшін бесжарым мың сомға жуық ақша алды. Әнуар астықты қоспағанда ай сайын МТС-тен 2.000 сомға жуық жалақы алады.

Жанатаевтар жылдық аяғына дейін шамамен тағы 38 мың сом табыс алатын.

нын есептеп отыр. Жанатаевтың өзі фермада мінсіз жұмыс істегені үшін қосымша ақы алады. Оның тракторшы ұлы көп астық алғалы отыр.

—Егер бұған, — дейді қарт шопан, — үйде қалдырылған астықтың, овоцтың, картоптың және еңбеккүнге алатын басқа азық-түліктердің құнын қосатын болсақ, онда біздің семьяның жылдық жалпы табысы жүз мың сомға жуық болады. Еңбегің жоғары бағаланатын біздің елде жұмыс істеу өте қуанышты. Тұрған колхозың мен мемлекетке неғұрлым көп пайда келтіргің келеді.

Жанатаевтардың семьясындағы жұмсалатын шығынның мөлшері де өсуде. Олар киімнен, мебельден, сағаттардан және басқа бағалы заттардан басқа «Москвич» автомобилін сатып алмақ еді, бірақ табыстарын есептеп келе «Победа» автомашинасын алуды ұйғарды.

Павлодар, Лозов, Урлітүп және Ертіс бойындағы жаңа жерлерді игеретін аудандарда мұндай колхозшылардың семьясы аз емес.

МТС қамтуындағы колхоздарда егінің шығымдылығы өте төмен болды. Соның салдарынан мемлекетке астық тапсыру жоспары МТС бойынша небары 36 процент қана, ал жекелеген колхоздарда, атап айтқанда, «Аралғаш», «Еркіндік» колхоздарында бұл жоспар небары 20—30 процент қана орындалды. Колхоздардың бірқатары келесі жылдың егісіне қажетті тұқыммен қамтамасыз етілмеді.

Мұның себебі неде? Көктемгі егіс кезінде агротехникалық шаралар өрескел бұрмаланды. Көктемде игерілген тың жерлерге кезінде тұқым себілмей, оның ылғалы кеуіп кетуіне жол берілді. Бірқатар участоктерде жердің қыртысы тайыз жыртылды. МТС дирекциясы мен партия ұйымы орындалан жұмыстың мөлшерімен ғана әуестеніп, оның сапасына жете назар аудармады.

Мәселен, № 18 трактор бригадасының (бригадирі Попов жолдас) егістік жер сабыз, 12—15 сантиметр тереңдікке ғана жыртылды. Мұның үстіне ол жерлерді өңдеу, тұқым себу жұмыстары ұзаққа созылды. МТС директоры Лымарь, партия ұйымының секретары Павленко жолдас-тар бригадалардағы жағдайды көздерімен

жүрген коммунистер МТС-те аз емес. Шмелев жолдас Павленконың коммунистердің тілектері мен ұсыныстарына құлақ аспайтыны, оның көп мәселелерді үстірт шешетіні жөнінде мысалдар келтірді.

Трактор бригадалары мен жөндеу мастерскойларында социалистік жарыс формалды ұйымдастырылды. Социалистік міндеттемелердің орындалуы кезінде тексерілмеді, өндіріс озаттарының тәжірибелері насихатталмады. Бұл жөнінде Шмелев жолдас нақтылы мысалдар келтірді. Жөндеу мастерскойында, деді ол, тоқарьлардың күнделікті жұмыс нәтижелері көрсетіліп тақталарына жазылғанына 10 күннен астам уақыт өтті. Бізде жұмыс нормаларын екі есе орындап, еңбекте өнеге көрсетіп жүрген жөндеушілер аз емес. Бірақ олардың еңбектегі өнегесін партия, кәсіподақ ұйымдары елеусіз қалдырып отыр.

— Партия бюросының мүшелері, — деді агроном Писаревская жолдас, — жұмысты бірлесіп істей алмай жүр. Павленко жолдас бастылық етудің коллективтік принципін бұрмалап келді. Бюро мәжілісінде қаралатын мәселелер оның мүшелеріне

ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың қатарына қоса алмай отыр.

Есеп беру-сайлау жыйналысында партия ұйымының комсомол және кәсіподақ ұйымдарына басшылық етуі өскелең міндеттердің дәрежесіне сай емес екендігі атап көрсетілді. Бірқатар комсомолдер өндірісте авангардтық роль атқара алмай жүр. МТС-тің кәсіподақ ұйымы жұмысшылардың тұрмыстық қажетін өтеу жөнінде, социалистік жарысты ұйымдастыруда өз жұмысын жеткіліксіз жүргізіп келеді.

Сонымен қатар, жыйналыс МТС-те партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуына аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының да кінәлі екенін орынды сынады. Нұсқаушылар Ақжігітова, Уәлиева жолдас-тар егіс және трактор бригадаларында партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымдарына қажетті көмек көрсете алмай жүр.

Партия жыйналысы МТС-те партиялық-саяси жұмыстың жайын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдап, партия бюросының жаңа құрамын сайлады.

Бороншабырдың жааыдау заводдарын қайта жобалау және жеңейту жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуде.

(СОТА).

### ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН КІТАПТАР

РСФСР педагогика ғылымдары Академиясының баспасында «Политехникалық оқу міндеттеріне байланысты пионер дружиналарының жұмысы туралы» деген жыйнақ баспадан шықты. Онда қалалық және селолық мектептердің пионер дружиналарының тәжірибесі қорытылған. Үстіміздегі жылы баспа 100-ге жуық атпен кітап басып шығарды. Олардың ішінде— әртүрлі мәселелер: педагогика теориясы, көркемөнер және дене тәрбиесі, жеке пәндер сабақ беру әдісі бойынша оқытушылар үшін көмекші құралдар бар.

Бірқатар жұмыстар политехникалық оқу мәселесіне арналған. «Географиядан сабақ беруде политехникалық оқу мәселелері», «физика пәні бойынша өндірістік экскурсиялар» және басқа жыйнақтар өте қызықты.

Жыл бойына тағы да жыйырмаға жуық атпен кітаптар басылып шығарылақ.

(СОТА).

## КОЛХОЗ ӨНДІРІСІНДЕГІ ӨСІС ҮЙІНГҮСІ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Мұнда облыстық ауылшаруашылық көрмесі ашылды, онда колхоз далаларында жұмыс істейтін МТС машиналары мен механизмдерінің 50-ден аса түрі қойылған.

Стендтердің біріндегі табиғиалар мен диаграммалар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы Үштөбе МТС-нің жұмысы туралы баяндайды. Бұл станция колхоздарда жұмыстың 80-нен аса түрін орындайды. Ол егін жыйнауды облыста бірінші болып аяқтады, жемшөп дайындауды аяқтап келеді, колхоз формаларын механикаландырып, алдағы жылдың егісіне арнап бесінші мың гектар тынды көтеруде. Станция механизаторлары быйылғы жылы трактор жұмыстарының жоспарын 127 процент орындады.

Үштөбе МТС-і қамтытын Молотов атындағы, «Ленинский путь», Дзержинский атындағы колхоздардың экспонаттары егіншіліктің жоғары мәдениетін көрсетеді. Колхоздар дәнді дақылдардың әр гектарынан жүз пұттық өнім жыйнауда.

Қант қызылшасының әр гектарынан 455 центнерге дейін, картоптың әр гектарынан 300 центнер өнім алууда.

Быйылғы жылы облыс МТС-тері колхоздарға 40 мың гектарға жуық тың көтеріп берді. 28 гвардияшылар атындағы ауданның Панфилов атындағы, Сталин атындағы колхоздарының істедтері көрмеге келушілерге тың жерлердегі дәнді дақылдардан алынған мол өнім туралы баяндайды; мұнда егіннің әр гектарынан 26 центнер сулы, арпа, 24 центнер бидай алынды. Тың жерлердегі егін ауданның колхоздарына мемлекетке миллион пұттан аса астық сатып, еңбеккүннің ақшадай құнын 3—4 есе арттыруға мүмкіндік берді.

МТС шешуші роль атқармайтын колхоз өндірісінің бірде-бір саласы жоқ. Тіпті өткен жылдың өзінде Жетісуда жауын қондырғылары, қуатты орқазғыштар, картопты және басқа сүрленетін дақылдарды егін жыйнайтын машиналар, қызылша жыйнайтын комбайндар аз болатын. Быйыл бұл машиналар әрбір МТС-те бар.

## САЯСИ ЭКОНОМИЯНЫ ӨЗДІГІНЕН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

# Шаруашылықтың социалистік системасы және оның капиталистік системадан артықшылықтары

Советтік Социалистік Республикалар Одағының экономикалық негізі шаруашылықтың социалистік системасы және қоғамдық социалистік меншік болып табылады. Шаруашылықтың социалистік системасы мен өндіріс құрал-саймандарына қоғамдық социалистік меншік біздің елімізде шаруашылықтың капиталистік системасын, өндіріс құрал-саймандарына жеке меншікті және адамның адамды қанауын жоюдың нәтижесінде туып, бекіді.

Социалистік құрылыстың қажетті шарты—пролетариат диктатурасы. Пролетариаттың диктатурасы жоқ жерде ешқандай да социализм құрылысы жөнінде және сондай-ақ, шаруашылықтың социалистік системасы жөнінде де сөз болуы мүмкін емес. Жұмысшы табының диктатурасы социалистік қоғамның бүкіл шаруашылық өмірінде зор роль атқарады. Пролетариат диктатурасы социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде де керек. Сондай-ақ, ол егер капиталистік қоршау өмір сүретін болса, коммунизм кезінде де қажет болады.

Шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан шешуші артықшылықтары бар және ол мынадай негізгі белгілермен сыйпатталады:

Біріншіден, капиталистер мен помещиктер табының өкметі құлатылған және ол жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар өкметімен ауыстырылған. Қоғамды мемлекеттік басқару жұмысшы табының қолына берілген. Өйткені ол—қоғамның нағыз алдыңғы қатарлы табы.

Екіншіден, өндіріс құрал-саймандары, жер, заводдар, фабрикалар және басқалары капиталистер мен помещиктерден

тартып алынып, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасының меншігіне берілген.

Бұрынғы революциялардың бәрі де, қанаудың бір түрін екінші түрімен ауыстыра отырып, жеке меншіктің бір түрін орнына екінші бір түрін бекіту үшін жойып отырды. Құлеленушілік меншік феодалдық меншікпен, феодалдық меншік капиталистік меншікпен ауыстырылды. Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана өндіріс құралдарына жеке меншікті біржола жойып, оның орнына қоғамдық меншікті баянды етті және адамның адамды қанауының қандайын болса да жоқ қылды.

Өндіріс құралдарына қоғамдық меншік социалистік өндірістің қатнастардың негізі болып табылады. Социалистік меншіктің негізгі екі формасы бар. Оның бірі—мемлекеттік меншік те, екіншісі—колхоз-кооперативтік меншік. Меншіктің бұл екі түрі бір-біріне қарама-қарсы емес, қайта оларға ортақ белгілер және сонымен бірге кейбір айырмашылықтары да бар. Меншіктің бұл екі түрі де адамның адамды қанауына жол бермейтін социалистік меншік болып табылады. Бұл—олардың ортақ белгісі. Екінші жағынан алғанда, мемлекеттік меншік жалпыхалықтық мұра болса, колхоз-кооперативтік меншік олай емес, ол еңбекшілердің жеке коллективтерінің мұрасы болып табылады. Осыған сәйкес бізде социалистік өндірістің екі формасы бар. Олардың бірі—мемлекеттік, демек жалпыхалықтық өндіріс. Екіншісі—колхоз өндірісі. Колхоз өндірісін де жалпыхалықтық өндіріс деп атауға болады. Мемлекет тек мемлекеттік кәсіп-орындарының ғана өнімдерін жұмсай

алатын болса, колхоз өнімдерін тек колхоздар ғана жұмсайды.

Үшіншіден, бізде өндірістің дамуы конкуренция және капиталистік пайда табуы да қамтамасыз ету принципіне емес, қоғамдық байлықты молайта беру және еңбекшілердің материалдық, мәдени дәрежелерін ұдайы арттыра беру принципіне бағындырылған.

Халық шаруашылығын өркендету негізінде совет халқының материалдық және мәдени қажеттерін барынша қанағаттандыру—ішкі саясат саласында Коммунистік партия мен Совет үзметінің басты міндеті. Бұл міндет социализмнің негізгі экономикалық заңынан—жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз арттыру және жетілдіру арқылы бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз етуден шығады.

Төртіншіден, ұлттық табысты бөлу қанаушы таптардың бауы мақсатында емес, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық жағдайын үздіксіз арттыру және қала мен деревняда социалистік өндірісті ұлғайту мақсатында жүргізіледі. Социализм кезіндегі ұлттық табыс социалистік өндіріс жұмыскерлері жасаған біртұтас қоғамдық өнімнің бір бөлігі болып табылады. Өздерінің жеке материалдық және мәдени қажеттерін өзіне арналған өнім есесінен де, сондай-ақ қоғамға арналған өнім есесінен де өлеу үшін ССРО еңбекшілері ұлттық табыстың төрттен үш бөлігіне жуығын жұмсайды. Ал ұлттық табыстың қалған бөлігі қала мен деревняда социалистік қор жыйнау үшін пайдаланылады.

Біздің жағдайымызда жұмысшының және оның семьясының жеке қажеттерін өтеуге жұмсаған еңбегі қандай қажет болса, өкмет басында отырған жұмысшы табы үшін жұмысшының қоғам игілігіне жұмсаған еңбегі де сондай қажет.

Бесіншіден, еңбекшілердің материалдық жағдайының үнемі жақсаруы және олардың қажеттерінің (сатып алу қабілетінің) үздіксіз өсіп отыруы, өндірісті ұлғайтудың ұдайы арта беретін қайнар көзі бола отырып, асыра өндіру кризистерінен, жұмыссыздық пен қайыршылықтың өсуінен еңбекшілерді сақтандыруға кеңіп болады.

ССРО-ның халық шаруашылығы социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс заңдарына сәйкес өркендеп отырады. Бұл, біріншіден, халық шаруашылығының барлық салаларында да өндірістің үздіксіз өркендеуін, екіншіден, қоғамдық байлықтың үздіксіз артуын, үшіншіден, еңбекшілер тұрмысының материалдық және мәдени дәрежелерінің үздіксіз өсуін қамтамасыз етеді.

Ақыры, шаруашылықтың социалистік системасының алтыншы артықшылығы мынада: бізде жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар капиталистер үшін емес, бүкіл қоғамның игілігі үшін, өздері үшін жұмыс істейді, сөйтіп бүкіл еліміздің шын мәніндегі иелері де солар болып табылады.

Қанаудан босаған және жалпы мемлекеттік машақта ұйымдастырылған социалистік еңбектің қоғам дамуының бұрынғы сатыларының бәріндегі еңбекпен салыстырғанда аса жоғары сапасы бар. Құлда өндіріске деген ешқандай да ынталылық болған жоқ. Феодалдық қоғам түсында шаруаның еңбек өнімділігін арттыруға кейбір ынталылығы көріне бастайды. Капитализм ашаршылық хауш мен еңбектің ақысын төлеудің өзіне сай жүйесі арқылы капиталдың еңбекті қанау дәрежесін үздіксіз арттыра отырып, жұмыскердің өндіріс нәтижелеріне ынта-

лығын қанаушылық құрылыс кезінде мүмкін болатын шекке дейін жеткізеді. Ал социализм адамның адамды қанауын түпкілікті жойып, тарихта ең бірінші рет адамның өзі үшін, бүкіл қоғамның пайдасы үшін істейтін еркін еңбегіне кең жол ашты. Ол жұмыскерлердің өз еңбегінің нәтижелеріне аса жоғары ынталылығын қалыптастырып шығаратын жағдай жасады. Ал, мұндай ынталылықтың қанаушылық құрылыс кезінде жүзеге асуы мүлде мүмкін емес.

Социализм түсында (адамның адамды қанауына негізделген қоғамдардың барлық түрлерінен өзгеше) өндірістің нәтижелері тұтасынан бүкіл қоғамның қарамағына түсе отырып, еңбекшілердің өздеріне де тиесілі болады. Социалистік өндіріс тәсілі күштерінің қайнар көздерінің бірі—осы.

Халық шаруашылығының социалистік системасының аса маңызды ерекшеліктері міне осындай.

Мұндай барлық айырқыша өзгешеліктерге сәйкес шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан шешуші артықшылықтарының аса зор маңызы бейбіт құрылыс жағдайында да, сол сияқты, соғыс жылдарында да айқын көрінді.

Бейбіт құрылыс жылдарында советтік құрылыстың артықшылықтары біздің елімізде шаруашылықтың күшті қарқынмен дамуын қамтамасыз етті. Қоғамдық құрылыстың күші өндірістің және техниканың даму дәрежесімен ғана емес, сонымен бірге белгілі бір елдің экономикасының даму қарқындарымен де белгіленетіні мәлім.

Экономикалық дамудың қарқындары жөнінде біз барлық капиталистік елдерден әлдеқашан озып кеттік. Соғыстан бұрынғы жылдардың өзінде біздің өнеркәсіміз АҚШ өнеркәсібінен 15 есе, Англия өнеркәсібінен 17 есе жылдам дамыды. Ал экономикамыздың соғыстан кейінгі жылдарда даму қарқыны соғыстан бұрынғысынан әлдеқайда жоғары болып отыр.

1953 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1940 жылымен салыстырғанда біздің елімізде шамамен 2,5 есеге артты. Тағы да сол жылы 38 миллион тонна болат қорытылды. Бұл 1924-25 жылғылардан 21 еседен де артық. 320 миллион тонна көмір өндіріліп, бұл да 1924-25 жылғы дәрежесінен 19 есе көп болды. 52 миллион тоннадан астам мұнай өндірілді. 1953 жылы электр қуатының мөлшері 133 миллиард киловатт-сағат болды. Демек мұның өзі—1924-25 жылғы дәрежеден 45 есе артық деген сөз. Партияның XIV съезінен бері өткен 28 жылдың ішінде өнеркәсіп өнімдерін шығару 29 есе ұлғайды.

Мұндай жоғары көрсеткіштермен бәсекелесе аларлық капиталистік дүниеде қандай ел бар?

Ондай ел жоқ!

Шаруашылықтың советтік социалистік системасының артықшылығын мынадай салыстырмалы мәліметтерден де айқын көруге болады: 1920 жылы Совет Одағының дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі небары бір-ақ процент еді. 1938 жылы бұл үлес 28 процент болып, социалистік лагерьдің елдерін қосқанда 36 процентке жетті. Ал Англияның дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 6 процент, Батыс Германияныңкі—4 процент, Францияныңкі—3 процент болды. Енді Америка Құрама Штаттарын алатын болсақ, оның үлесі көзір 1913 жылғы дәрежесінде ғана қалып отыр.

Бұл арада мынаны ескеру керек: ССРО-ның халық шаруашылығына орасан зиян келтірген екінші дүниежүзілік соғыс өнеркәсібіміздің дамуын 8—9 жылға, демек шамамен алғанда екі бесжылдыққа кешеуілдетті.

Социализмнің капитализмнен шешуші артықшылықтарына өздерінде социалистік құрылыс орнатып жатқан халықтық демократия елдерінің мысалы да айқын дәлел бола алады. Көзіргі кезде Европаның халықтық демократия елдерінде өнеркәсіп өнімдерінің көлемі соғысқа дейінгі көрсеткіштерден шамамен алғанда 3 есе

# Мал қыстатуға үлгілі әзірлену—маңызды міндет

## МАЛДЫҢ ҚЫСТЫҚ АЗЫҒЫ МОЛ, ҚОРАСЫ ЖАЙЛЫ

Біздің совхоздың коллективі мал өсіру, оның өнімділігін арттыру ісінде елеулі табысқа жетті. Совхозда мал басы өткен жылғыдан быйыл едәуір көбейді. Мал өсірушілер мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр.

Малшылардың қажырлы еңбегі совхозда жоспардан тыс 355 қарама, 642 шошқа және 77 жылқы өсірілуіне мүмкіндік берді. Мұнымен бірге олар сыйырлардың сүттілігін арттыру ісінде де бірқатар жұмыстар істеді. Кәзір әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 2950 литрден сүт алынды. Ал сауыншылар Қоқыбаева, Шеткова, Васильева жолдастардың көрсеткіштері бұдан да жоғары. Совхозда сүтті мал беретін сыйырлардың саны өткен жылдардан быйыл едәуір өсті. Сауыншы Қоқыбаева жолдас қарауындағы «мадамка» атты сыйырдан 5 мың литрден артық сүт сауды.

Сыйырлардың құнарлылығы артуы мемлекетке сүтті көптен талсыруға мүмкіндік беріп отыр. Өткен жылы совхоз мемлекетке 9728 центнер сүт тапсырса, быйыл 11367 центнер сүт тапсырды. Мал басының көбеюі мемлекетке өткен жылғыдан быйыл етті екі есе артық беруге қолайлы жағдай туғызды.

Совхозда негізінен асыл тұқымды мал өсірілуде. Бұл жөнінде коллектив мүшелері облыстың колхоз, совхоздарына да ең жүзінде көмек көрсетуде. Өткен жылы колхоздар мен совхоздарға асыл тұқымды 100 бұқа сатқан болсақ, быйыл 144 бұқа саттық. Бұл бұқалардың көпшілігі элитті және бірінші класты малдар.

Бұзауларды өсіруде игі нәтижеге ие болудамыз. Бұзаушылар В. Энес, Е. Лютая және Федосова жолдастар бұзаулардың күнделік өсу салмағын 600 грамм орнына, 850—900 граммға жеткізді.

Коллектив мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде осындай бірқатар табыстарға ие болып келеді. Бұл күндері коллектив мүшелері қол жеткен табысты баяндай отырып, совхозда мал шаруашылығының барған сайын өркендей түсуі мал қыстатуды табысты өткізуге тығыз байланысты екендігін коллектив мүшелері жақсы біледі. Сондықтан да олар бұл іске әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты жүргізуде.

Біз мал қораларын жөндеу жұмысын ерте күннен қолға алғанбыз. Фермаларда 17 қора болса, олар түгелінен жөндзілі, іші-сырты сыланды. Совхоз шеберлері быйыл 150 бұзаулық жаңадан төл үйін салды. Төл үйі стандартты типте, қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға бейімделген. Бұдан басқа төрт төл үйі болатын болса, олар да төл күтуге дайын.

Совхозда мал азығы жеткілікті әзірленді. 31500 центнер табиғи пішін дайындалды, 13200 центнер азық сүрленді. Бұдан басқа мың центнер қызылша, 1500

## Мал шаруашылығына мән бермеген жерде

Ұзынкөл совхозында мал басын көбейтуге, оның өнімділігін арттыруға мүмкіншілік жеткілікті. Совхозда 14 мың гектар шабындық жер бар. Мұның өзі мал шаруашылығын шұғыл өркендетуде зор резерв екені сөзсіз. Алайда совхоз бұл сыяқты мүмкіншілікті толық пайдалана алмай келеді. Осының салдарынан бірнеше жылдан бері мал шаруашылығын өркендетуде аталған совхоз артта қалып отыр.

Өткен жылы мұнда мал басын өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспар орындалмай қалды. Сол сыяқты, мемлекетке сүт тапсыру жоспары да орындалмады. Мұның негізгі себебі мал азығының жеткіліксіз дайындалуында болды. Мұнымен бірге мал қоралары да жетіспеді.

Совхоз басшылары өткен жылғы мұндай кемшіліктерден быйыл тиісті қорытынды шығарып, шаруашылықты алдында тұрған күрделі міндеттерді орындауға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруға тиіс еді. Бірақ істің жайы керісінше болып отыр.

Совхозда мал басын өсіру жоспары быйыл да орындалмады. Жоспар бойынша қарама мал небары 53 процент ғана орындалып отыр. Әрбір 100 бас сыйырдан 78 бұзау алудың орнына, 52 бұзаудан ғана алынды. Ал, алынған бұзаулардың 100-ге жуығы шығынға ұшыраған.

Сол сыяқты, шошқа, жылқы өсіру жоспары да орындалмаған. Әрбір 100 биеден 31 құлын алынған. Ал жылқы өсіру жоспары совхоз бойынша 60-ақ процент орындалып отыр. Әрбір 100 мөгежіннен 1360 торай алуға тиіс болса, 572 торайдан ғана алынған.

Мал басын өсіру жоспарының орындалмауына алдымен совхоз мамандары кінәлі деуіміз керек. Өйткені, совхоздың бас зоотехнигі Николаев жолдас бұл сыяқты маңызды іске күні бүгінге дейін мән бермей келеді. Аналық малдарды қолдан ұрықтандыру пунктіннің жұмысы жолға қойылмаған. Аналық малдардан алынатын төлдердің аз болуы да осыдан болып отыр.

Совхозда мал шаруашылығының өнімі де өте-мөте төмен. Жоспар бойынша әрбір сауын сыйырдан 1685 литр сүт алынуға тиіс болса, 1 октябрьге небары 1309 литрден ғана сүт алынған. Ал, мемлекетке сүт тапсыру жоспары 84 процент орындалған. Мұның негізгі себебі сауыншылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмауында. Алдымен совхозда әлі күнге дейін тұрақты сауыншылар жоқ. Ал жұмыс істеп жүрген сауыншылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған және оларға сыйырлардың сүттілігін арттыруға қолайлы жағдай туғызбаған. Фермаларда ең-

бекті көп керек ететін жұмыстар, әсіресе сыйыр сауу жұмысы механикаландырылмаған.

Мысалға № 3 бөлімшедегі сауын сыйырлар фермасын алайық. Мұнда әрбір сауыншыға 15-25 сыйыр бекітіліп берілген. Сөйтін, сауыншылардың еңбегі шамадан тыс ауырлатылып жіберілген. Оның үстіне олардың өнімді еңбек етуіне, сыйырлардың сүттілігін арттыру жөніндегі озаттар тәжірибесін қолдануларына жағдай жасалмаған. Осының салдарынан сауыншылардың көпшілігі өздерінің құрметті міндеттерін атқарудан кетіп қалуға мәжбүр болған. Сөйтін, фермадағы сыйырлардың уақытылы сауылмауы жиі кездесетін фактіге айналған. Еңбек ұйымдастыру жұмысының қой фермасында да жолға қойылмауынан қой шаруашылығынан алынатын табыс мүлдем кеміп кетіп отыр. Ал, қой өсіру жоспары совхоз бойынша небары 74 процент орындалды.

Совхоз басшылары мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын бетімен жіберген. Мұнда жоспар бойынша 8133,3 тонна табиғи пішін дайындалуға тиіс болса, ол жарым-жартылай ғана орындалған. Сол сыяқты, мал азығының құнарлы және сүр азықтар да жеткіліксіз мөлшерде әзірленген. Соның өзінде дайындалған мал азығын мал қораларының жанына тасу жұмысы мүлдем нашар ұйымдастырылған. Бұл ең алдымен совхоз басшыларының шаруашылыққа біржақты басшылық етуінің салдарынан болып отырған жағдай екенін айта кетуіміз керек.

Мал үшін жылы, жайлы қора әзірлеу жұмысы совхоз басшыларының мүлдем ескерусіз қалдырған істерінің бірі. Осының салдарынан мұнда мал қыстатуға пайдаланылып жүрген қоралардың көпшілігі жөнделмеген. Тіпті, бұрынғы мал қоралары толық жөндеген жағдайдың өзінде, сыйыр фермасында 400-ге жуық қара малға, шошқа фермасында 58 шошқаға, қой фермасында 500-ден астам қойға орын жетпейді. Бұл жағдай совхоз басшыларына әбден мәлім. Бірақ олар бұл қиыншылықты болдырмаудың шараларын белгілеп, оларды шұғыл жүзеге асыруды ұйымдастыруда өздерінің дәрменсіздігін көрсетіп отыр.

СОКН Орталық Комитеті июнь Пленумының қауалысы совхоздар мен колхоздардың алдына мал шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін қойды. Ұзынкөл совхозының басшылары орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, Пленум алға қойған міндетті аброймен орындауға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруға тиіс.

3. ҚАСКЕЕВ.

## САУЫНШЫЛАР ӨНЕГЕСІ

Октябрь ауданы, «30 жылдық Қазақ-басқармасының ұйғаруы бойынша Құс-



Киров атындағы астық совхозында. СУРЕТТЕ: Совхоздың орталық усадьбасында С. М. Кировке орнатылған ескерткіш.

Суретті түсірген: А. Розенштейн.

## Жастардың мерекеге тартуы

А. И. Мижоян атындағы комбинатының коллективі Улы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, даңқты күнге өздерінің тартуларын әзірлеуде.

Бұл күндері қабылтыр-банк жасау цехындағы Мария Бухова жолдасының басқаруындағы комсомол-жастар бригадасы табысты еңбек етіп жүр. Бригада сәуірь айының өндірістік жоспарын 172 процент орындап, 2204 сомның материалдарын үнемдеген болатын. Мінезіз, жоғары сапалы өнім шығарғаны үшін бұл бригадада «Жоғары сапалы өнім шығарушы бригада» деген құрметті атақ берілді. Бригаданың озат мүшелері Евтеева, Фомин және басқалары күндік тапсырмаларын 170-200 проценттен орындап жүр. Бригада октябрь айының жоспарын мерзімінен көп күн бұрын орындап, кәзір жоспардан тыс өнім беруде.

Сол сыяқты, жәлік жасау цехындағы комсомолка Валентина Захарованың Қызыл тулы бригадасы да еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Бұл бригада мүшелері келесі айдың есебіне жұмыс істеуде.

С. ӘЛІМОВ.

## Оқушылар жазушы Сәбит Мұқановпен кездесті

Қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің оқушылары Қазақстанның көрнекті жазушысы Сәбит Мұқановпен кездесті. Кездесуде жазушы өзінің творчестволық жұмыстары жөнінде айтты. Кездесуде оның «класс» оқушысы Ғазиз Бемүқанов сөз сөйлеп, жазушының бұдан былай да табысты еңбек ете беруіне тілектестік білдірді. Кездесу-

## Қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланамыз

Туысқан Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл-село еңбекшілерінің мәдени тілегін өтеу, мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесін арттыра беру жөнінде үнемі қамқорлық жасап келеді. Оған біздің Петропавл ауданының колхоздарында жұмыс істейтін ондаған оқу үйлері мен клубтар және олар үшін жыл сайын босатылып отырған орасан көп қаржы айқын дәлел бола алады. Ауданымыздың көптеген мәдени-ағарту орындары колхозшылар мен механизаторларды мәдениетті түрде қамтып отырып, оларға партиямыз бен үкметіміздің қарарларын түсіндіріп, ауылшаруашылық озаттарының табыстары мен еңбек әдістерін кеңінен насихаттауда елеулі жұмыстар істеп келеді.

Жазғы жұмыстар кезінде үгіт-көпшілік жұмыстары әсіресе, Асанов, Петерфельд селолық кітапханалары мен Калинин, Киров оқу үйлерінде әсерлі жүргізілді. Аталған мәдени-ағарту орындары көркемөнерпаздардың күшімен көптеген концерттер берді, дала қостарында дауыстап кітап, газеттер оқылуын ұйымдастырды.

Дала жұмыстарының аяқталуына байланысты мәдени жұмыстардың көпшілігі клубтар мен оқу үйлерінің тікелей өзінде жүргізілетін болады. Сондықтан олардың қысқы маусымға әзірлігінің жақсы болуы мәдени-ағарту жұмыстарының табысты болуына көп әсер етеді. Мұны ерте бастап ескерген колхоздар мен селолық Советтер клубтар, кітапханалар және оқу үйлерін жөндеу жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізді. Асанов, Петерфельд селолық кітапханалары, Ново-Каменко, Олыпановка оқу үйлері толық жөндеуден өткізіліп, қысқа жеткілікті отымен қамтамасыз етілген. Сол сыяқты Киров, Калинин оқу үйлері де қысқы маусымға әзірлікпен кіріскелі отыр. Оларды қысқа әзір ету жұмыстарына жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз басшылары үнемі басшылық жасап, көмек көрсетіп отырды.

Алайда, ауданның барлық мәдени орындары қысқы маусымға үлгілі дайындықпен келгені отыр деп айта алмаймыз. Көпшілік жерлерде клубтар мен оқу үйлерін жөндеу жұмыстары әлі қанағаттанғысыз жүргізілуде. Мәселен, Плосек оқу үйінің бұрынғы меңгерушісі Подфигурная жолдас оқу үйін жөндеу және қажетті отынмен қамтамасыз ету жұмыстарын естен шығарып, бұл жөнінде селолық Советтің алдына ешқандай мәселе қоймаған. Соның салдарынан оқу үйі кәзір қысқа мүлде әзір етілмей отыр. Сол сыяқты Бескөл селолық клубының Буденный оқу үйінің жөндеу жұмыстары баяу жүргізілуде. Мәдени-ағарту орындарының жеткі-

ліксіздігіне қарамастан, ауданның көптеген колхоздарында клуб үйлерін басқа шаруашылықтарға пайдалану сыяқты зиянды әдеттерге жол берілуде. Мұндай жағдай Пушкин, Жамбыл атындағы колхоздарда орын алған. Сондықтан бұл колхоздарда клуб үйлерін жөндеу жұмыстарын жүргізуде ешқандай мүмкіншілік жоқ. Михайловка, Ново-Павловка, Измайловка селоларында клуб, оқу үйлері болмағандықтан мұндағы мәдени-ағарту жұмыстарының барысы өте-мөте нашар.

Бұған ең алдымен колхоздар мен селолық Советтердің басшылары кінәлі. Олар өздерінің қарамағындағы мәдени-ағарту орындарын жөндеуге қанды басшылық жасап, керекті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп отырмады.

Бұл мәселемен аудандық партия комитеті және аудандық Совет атқомі жеткілікті шұғылданбай отыр. Бұған мәдени-ағарту жұмыстарының барысы туралы аудандық Совет атқомінің мәжлісінде бір-ақ рет мәселе қаралғандығы дәлел бола алады. Мәдени жұмыстардың қанағаттанғысыз жүргізіліп келе жатқандығы және жұмысымыздың қиыншылықтар туралы біздің бірнеше рет мәселе көтергенімізге қарамастан аудандық Совет атқомі ешқандай шара қолданбады.

Жақында аудандық Совет атқомінің сессиясында ауданның елді пункттерін көркейту туралы мәселе қаралды. Онда Қостанай облысы, Тараң ауданының еңбекшілері ауыл-село мәдениет ошақтарының жұмысын жаңа сатыға көтеру туралы үндеуі талқыланды. Сессияға қатысушылар ауданның мәдениет ошақтарының жұмысында орын алған кемшіліктерді қатты сынға алды және оны жоюдың нақтылы шараларын көрсетті. Үстіміздегі жылы Сталин, Ворошилов, Чапаев және Буденный атындағы колхоздарда жаңа клуб үйлері салынбақ. Барлық колхоздар мен селолық Советтер басшыларына жаңадан салынатын мәдени құрылыстардың жоспарларын жасау және қажетті құрылыс материалдарын әзірлеу тапсырылды.

Кәзір ауданның барлық жергілікті партия, совет орындарында тараңдықтардың бастамасы талқыланып, қолда бар мүмкіншіліктер есепке алынууда. Колхозшылар мен механизаторлар ауыл-селоның мәдениетін көтеру жөнінде өздерінің инициативаларын көрсете бастады. Ауданымыздың мәдени-ағарту қызметкерлері қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, ауыл-село еңбекшілерін мәдениетті қамтуда қажымастан еңбек ете береді.

В. НҰРЫШЕВ,

Петропавл аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

## Колхозды ауыл-село мәдениеті артуда

Мамлют ауданында соңғы жылдардың ішінде мәдени-ағарту орындарының саны едәуір көбейді. Кәзір мұнда 19 селолық клубтар, оқу үйлері мен кітапханалар жұмыс істейді. Кітапханалардың кітап

ның жұмысын жақсарту беру жөніндегі игілікті бастамасын аудан еңбекшілері қызу қолдауда. Олар үндеуді талқылай отырып, мәдени-ағарту жұмыстарында орын алып келген кемшіліктерді ашып,

центнер картоп және 320 центнер таспақ әзірленді. Концентрат жеткілікті мөлшерде құйылды. 5200 центнер егіннің сабаны мен топанғын маяладық.

Рас, осы уақытқа дейін совхозда дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылмай келді. Бұл кемшілікті жою мақсатымен коллектив мүшелері барлық мүмкіншілікті жұмылдыруда.

Ірі сабақты азықты малға нәрлендіріп беру ісіне тыңғылықты әзірлендік деуге болады. Әрбір фермада мал азығын әзірлейтін кухня бар. Совхоз бойынша 4 азық буландырып, 4 дәнүккіш, 3 сабантурағыш болса, олар түгелінен жандылып болды. Азық буландыратын 8 қамба әзірленді.

Совхоз коллективі мал қыстатуды үлгілі әзірлікпен қарсы алып, оны ұйымшылдықпен өткізеді.

**М. МЕЙРБЕКОВ,**

Тоқшын совхозының директоры.

артық болып отыр. Ұлы қытай халқының жетістіктері орасан зор. Елді азат еткеннен кейінгі тек бес жылдың ішінде ғана өнеркәсіп өндірісі Қытайда 2 еседен де артық ұлғайды.

\* \* \*

Коммунистік партия мен Совет үкметі соңғы уақыттарда бірқатар аса маңызды қарарлар қабылдады. Бұл қарарлардың жүзеге асырылуы халық тұтынатын тоқтарлар өндірісінің шұғыл артуын, ауыл шаруашылығының оған әрі қуатты өркендеуін, совет саудасының мықтап жақсаруы мен товар айналымының барынша өсуін, тұрғын үй құрылыстарының кеңейтілуін және басқа да шаралардың жемісті орындалуын қамтамасыз ететін болады. Бұл қарарлар партия мен үкметтің халық игілігі үшін, қала мен деревня эңбекшілерінің тұрмыс дәрежелерін қысқа уақыттың ішінде едәуір арттыру үшін жасап отырған күнбе-күнгі аталық қамқорлығының тамаша айғағы болып табылады. Сондай-ақ, бұл тарихи қарарлар, ауыр индустрияны шапшаң қарумен дамытуға көздеумен бірге халық шаруашылығының халықтың тұтынуын тікелей қамтамасыз ететін салаларын шұғыл өркендету міндеттерін алға қойып отырғанымызда, совет экономикасының дамуындағы жаңа кезең болып бейнеленеді.

Тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарда совет патриоттары еңбектегі ерліктің тамаша үлгілерін көрсетуде. Үстіміздегі жылдың 10 августына дейін бүкіл еліміз бойынша 14,1 миллион гектар аса құнарлы тың және тыңайған жерлер игерілді. Демек бұл — Франция, Француз Мароккосы, Австралия және Аргентина сияқты елдерді тұтас алғанда олардың бидай егуге арналған егіс алаңдарынан әлдеқайда артық деген сөз.

СОВХП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді оған әрі игеру туралы» қаулысында 1956 жылдың өзінде жаңадан игерілетін жерлерде астық және басқа да ауылшар-

стан» колхозында құсның Бекмурзина жолдас 13 жылдан бері сауыншы болып істейді. Осы уақыттың ішінде ол өзінің қажырлы еңбегімен колхозшылар арасында зор құрметке ие болды.

Өткен жылы Бекмурзина жолдас қарауындағы 16 сыйырдан 16 бұзауды аман өсіріп, олардың күтімін жақсартты. Ол күткен әрбір бұзаудың тәуліктік салмақ қосуы 400 грамм орнына, 550-600 грамм болды. Оның үстіне әр сауын сыйырдан 1600 литрден сүт сауды. Ол өзінің жұмысында кездескен қиындықтар немесе түсінеушіліктер болса, оны басқа сауыншылармен келісіп, колхоз зоотехнигімен ақылдасып шешеді. Сыйырдың сүттілігін арттыру үшін еліміздің алдыңғы қатарлы сауыншылары туралы жазылған кітапшаларды оқыды және ол тәжірибелерді өз ісінде кеңінен қолданып отырады.

Осының нәтижесінде оның қарауындағы сыйырлардың өнімділігі жылдан-жылға арта түсуде. Үстіміздегі жылы колхоз

ның 14 сауын сыйыр бастап берілді. Ол осы 14 сыйырдан 14 бұзауды шығынсыз аман өсірді. Мұнымен қоса қарауындағы әрбір сауын сыйырдан 1600 литр сүт сауып бұл жөніндегі жоспары толығымен орындан шықты. Бекмурзина жолдасың сүт сауудағы және сыйыр күтудегі қажырлы еңбегін жоғары бағалай келіп, колхоз басқармасы оған қосымша ақыға бір бұзау берді.

Колхозда Бекмурзина жолдас баста да озат сауыншылар көптеп саналады. Мәселен М. Сауденова, М. Жоламанова сияқты сауыншылар өздерінің сыйыр саудағы озат көрсеткіштерімен ерекше көзге түсіп жүр. Кәзір бұл сауыншылар СОВХП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь мерекесінің 37 жылдығына арнаған ұрандарымен жігерлене отырып, өз табыстарын бұдан да арттыра түсу үшін еңбек қарқынын арттыра түсуде.

**К. АСЫЛТАЕВ.**

мұндай үлес тіпті қысқарды да.

Мұның өзі қоғамның өндіріс күштерін дұрыс пайдалануға буржуазияның қабілетсіздігін білдіреді. Бұл сонымен бірге өнеркәсіптің удайы жеткіліксіз жабдықталуына да көрінеді. Мәселен, екі соғыстың арасындағы кезеңде капиталистік елдердің өнеркәсібі өзінің өндірістік қуатының жартысынан үштен екісіне дейінгі шамада ғана жұмыс істеді.

Капиталистік елдерде шаруашылықтың дамуы адамның қажеттерін өтеуге емес, монополиялардың барынша көп пайда табуын қамтамасыз етуге бағындырылған. Барынша көп пайда табу империалистік буржуазияны халықтың қамын ойлауға емес, дүниежүзілік жаңа соғысқа дайындалуға және осы мақсатпен жанталаса қарулануға итермелеп отыр. Империалистік елдердің, әсіресе АҚШ экономикасының сыңаржақ, тек соғыс мүддесіне бола дамуы еңбекшілерді аяуандықпен қанауға, жергілікті халықтың күйзеліске ұшырауына және тоналуына әкеліп соғуда. Аштық, қайыршылық және жұмыссыздық — міне бұл елдердегі еңбекші халықтың шымбайына бағып, күйзеліп отырған сор осылар. Американо-кәсіподақтарының мәліметі бойынша, АҚШ-та мүлде жұмыссыздардың саны 1954 жылғы апрельде 5 миллион 437 мың адам, ал аптасына бір-екі күн немесе тіпті бірер сағат қана жұмыс істейтіндердің саны 11 миллион адам болған. Буржуазиялық мемлекеттердегі жұмыссыздардың санмиллиондаған армиясы күні өтіп, қарасы өшіп бара жатқан капиталистік системаға ызалы айыптау болып табылады.

Капиталистік елдердегі еңбекшілердің тұрмыс жағдайының мүлде төзгісіз болып отырғанын мынадан да көруге болады: американо-жұмысшысы төлейтін тікелей салықтардың қосындысы кәзіргі кезеңде екінші дүниежүзілік соғыстан бұрынғысынан 35 есе көп болып отыр. Ал бұл салықтар жұмысшының номиналды жалмақысының үштен біріне жуығын қамтыды. Егер де Совет Одағында 1947 жылдан

дiң соңында мектеп көркемөнерпаздарының күшімен концерт берілді.

**Н. ҚАЛИАСҚАРОВ.**

### ЖАҢА ҚОРА САЛЫНДЫ

Преснов ауданы Абай атындағы колхозда жаңа қой қорасын салу жұмысы жоспарланған болатын. Колхоз құрылысшылары бұл жоспарды жүзеге асырып, қой қорасы мен малшылар үшін үй салу жұмыстарын аяқтады. Салынған қой қораның ұзындығы 70 метр болды. Оның іші бірнеше бөлмелерге бөлінген. Әр бөлмеде 10 қой тұратын болады.

Қой күтуде және бағуда істейтін малшылар үшін 4 бөлмелі ағаш үй салында. Бұл жұмыстарда ерекше көзге түсіп, қажырлы еңбек еткен Р. Ахметов, Б. Елеукин, Әлібеков жолдасар болды. Бұлар күндiк нормаларын үнемі асыра орындады.

**О. ӘЛІБЕКОВ.**

1954 жылға дейін өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасы 7 рет кемітіліп, соның нәтижесінде халықтың сатып алу қабілеті әлде қайда артқан болса, ал АҚШ-та, белгілі мәліметтер бойынша, 1947 жылдан бастап өмір құнының индексі 21 процент, Англияда 40 процент өскен.

Капиталистік өндіріс тәсілінің іріп-шіріуі капитализмді гүлдену туралы енді қайтып арман ете алмастай халге жеткізді. Капитализмнің қандай да болса экономикалық өрлеуі келмекке кетті. Ол удайы болып отыратын экономикалық сілкінулер алабына енді және оның бұдан былай табысқа жетуіне үміттің елесі де қалмады. Сөйтіп, капитализм тұйыққа тірелді.

\* \* \*

Совет мемлекеті социализмнің объективтік экономикалық заңдарын біздің социалистік Отанымыздың оған әрі гүлдену беруін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланып отырады. Біздің мемлекетіміздің еліміздің экономикалық өміріндегі бұл шешуші ролі бұдан бұрынғы қоғамдық экономикалық формацияларда мемлекеттік өкмет атқарған ролден принциптік жағынан мүлдем ерекше және ол мынадай белгілермен бейнеленеді:

Біріншіден, өндірістің басты-басты шешуші құралдары мемлекет қолында. Бізде қоғамдық байлықтың иесі — мемлекет. Ал капиталистік мемлекеттерде мұндай иелік жоқ. Оларда өндіріс құралдары финанс капиталының, ірі-ірі банк және өнеркәсіп магнаттарының билігінде.

Екіншіден, бізде халық шаруашылығы жоспар бойынша дамып отырады. Мемлекет жоспардың жасалуын басқарып, оның орындалуын бақылап отырады. Жоспар — мемлекеттік заң.

Үшіншіден, социализмнің принципі мынада: «Әркімнің қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай». Мемлекет еңбек өлшемі мен қоғамның әрбір мүшесінің тұтыну өлшеміне бақылау жүргізуді жүзеге асырады, социалистік еңбек тәртібін

қорында 20 мыңнан астам көркем, саяси және ауылшаруашылығы әдебиеттері бар. Жаңадан клубтар мен оқу үйлерін салу жұмысы да үздіксіз жүргізіліп келеді. Өткен жылы «Зерновая фабрика» колхозында клуб үйі, Мамлют поселкесінде аудандық кітапханаға арналған үй салынып, пайдалануға берілді.

Елді пункттерді радиоландыру жөнінде де едәуір жұмыстар жүргізілуде. Соңғы үш жылда аудандағы радиоточкаларының саны үш есе артты, 6 колхозда радиоторабы орнатылып, іске қосылды. Сол сияқты, МТС-тер мен Мамлют асыл тұқымды мал совхозы толық радиоландырылған. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін Ворошилов атындағы және Чкалов атындағы колхоздарда радиотораптары орнатылмақ. Мұның өзі аудан колхоздарын теріс радиоландыруға мүмкіндік береді. Кәзір ауданда үш тұрақты киноустановка, 8 жылжымалы кино жұмыс істейді.

Қостанай облысы, Таран ауданы еңбекшілерінің ауыл-село мәдениет ошақтары-

оны жоюдың тиісті шараларын белгіледі.

Мәдени-ағарту орындарының санын көбейтуді, ол үшін құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізуді жоспарлап отыр. Мамлют құрылыс-монтаж басқармасының коллективі аудандық мәдениет үйінің құрылысын 1955 жылдың жазына дейін аяқтап, пайдалануға беруге міндеттенді. Жақында оның құрылыс жұмыстары басталды. Бұл жұмыс таңдаулы құрылысшылар Александров және Назков жолдасардың бригадаларына тапсырылған. Мәдениет үйінде 250 орны бар зрительдер залы, оқу залы, үйірмелер үшін арнаулы бөлме, көркем фойе орналасады. Жаңа клуб үйлері Куйбышев атындағы, Баганович атындағы колхоздарда да салынбақ.

Колхозды ауыл-село мәдениетінің үздіксіз өсіп отыруы еңбекшілердің еңбекке деген ынтасын арттырып, қоғамдық шаруашылықты нығайтуға көп әсер етеді.

**А. МАНУЙЛОВ.**

бұзушыларды, ұрылар мен халық мүлкіне қол сұғушыларды аяусыз жазалап отырады.

Төртіншіден, біздің экономикалық өмірімізде Отанды қорғау маңызды орын алады. Елімізді қорғау қамқорлығын тағы да біздің совет мемлекеті жүзеге асырып отырады.

Коммунистік қоғам орнатудың негізгі шарты — біздің мемлекетіміздің күштілігі мен беріктігінде.

Коммунистік партия еліміздегі бірден-бір басқарушы партия ретінде совет мемлекетін нығайта беруге бірінші кезекті назар аударып отырады. Өйткені жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың берік диктатурасы — совет мемлекеті коммунизм үшін күрестің басты құралы болып табылады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы коммунизм орнатып жатқан совет қоғамының ұйымдастырушы және дем беруші ұлы күші болып келді және бола да бермек. Көпжылдық тарихи тәжірибеде Совет Одағының еңбекшілері біздің елімізде өмір сүрген барлық саяси партиялардың ішінде тек Коммунистік партия ғана еңбекшілердің түбірлі мүдделерін көздейтін бірден-бір нағыз халықтық партия екенін берік ұғынды. Міне сондықтан да совет халқы партияның саясатын бірауыздан қолдап, оған толық сенім көрсетіп отырады. Коммунистік партияның ұлы өмірлік күші мен жеңімпаздығы — оның халықпен тығыз байланысында. Партия коммунистерді, барлық совет адамдарын коммунизм ісінің жеңімбетіндігіне берік сенім және партия мен Отанға шексіз берілгендік рухында, советтік патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында, жоғары саяси қырағылық рухында тәрбиелеу жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізуде. Ал біздің халқымыздың күші — оның Коммунистік партияның төңірегіне берік топтасқандығында.

Коммунистік партия жасаған және көптеген оңқылдықтар тәжірибесінде сыналған саясат қоғамның материалдық өмірінің даму қажеттерін, халықтың түбірлі мүдделерін бейнелейтін терең баяндалған ғылыми саясат болып табылады. Партия өзінің практикалық жұмысында маркстік-лениндік жеңімпаз ілімге, қоғам дамуының объективтік экономикалық заңдарына сүйене отырып, оларды совет халқының игілігі үшін жүзеге асырып отырады.

Сыртқы саясат саласында партия бір-біріне қарама-қарсы екі системаны — социалистік және капиталистік системаның ұзақ уақыт бойы қатар өмір сүруінің және бейбітшілікпен жарыса дамуының мүмкіншілігі жөніндегі лениндік нұсқауды басшылыққа алады.

Біз былай деп есептейміз: екі система арасындағы қарым-қатнастың соғыс және соғыстық қақтығысулар арқылы жүргізілуі тіпті де міндетті емес. Біз былай деп есептейміз: бейбітшілік жолымен, соғыссыз шешуге болмайтын талас, мәселелер кәзір жоқ.

Совет Одағының бейбітшілік сүйгін саясаты біздің елімізді бейбітшілік және жаппай хауіпсіздік үшін күресіп жатқан бүкіл жер шарының барлық адал ниетті адамдары арасында зор құрметке бөлеуде. Міне, сондықтан да басқа елдердің халықтары арасында Совет Одағының халықаралық беделіндей аса жоғары және мызғымас беделі бар мемлекет кәзір бүкіл дүние жүзінде жоқ.

Туысқан Коммунистік партияның, оның жауынгер Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің коллективтік дана басшылығымен совет халқы елімізде жарқын коммунистік қоғам құру жолында зор сеніммен алға басып, өз мемлекетін, оның экономикалық қуатын барған сайын арттыра береді. Өйткені бұл ССРО халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз етудің нағыз сенімді кепілі болып табылады.

**С. КРИВОШЕЕВ,**

ҚКП облыстық комитетінің лекторы.

# Совет үкметінің 23 октябрьдегі нотасына шетелдердегі пікірлер

## ПОЛЬША

**ВАРШАВА, (СОТА).** Совет үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру және герман мәселесін бейбіт, демократиялық негізде шешу мәселесі жөнінде батыс державалардың үкметтеріне жолдаған нотасын поляк баспасөзі кеңінен түсіндірді. Кеше совет нотасы орталық газеттерде жарияланды, сол сыяқты Варшава радиосы арқылы хабарланды.

Бүгін газеттер совет үкметінің нотасында жасалған ұсыныстарға арнап басмақалалар мен редакциялық мақалалар жариялауда. Совет нотасының Европа халықтары мен дүние жүзінің барлық халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігін сақтап, нығайта беру жөнінде, сол сыяқты халықаралық түзелісті бәсеңдету жөнінде совет үкметінің қамқорлық жасауының жаңа бір дәрежелі болып табылатындығын баспасөз атап көрсетеді.

«Европаның хауіпсіздігі үшін» деген мақалада «Трибуна люду» газеті бүгін былай деп жазады: Совет Одағы бейбітшілікті сақтап, нығайту саясатын, халықаралық ынтымақ саясатын дәйектілігінен жүргізіп келеді. Адамзатқа бейбітшілік жағдайында өркендеп дамуды қамтамасыз ету және оны соғыс апатынан қорғау үшін ол барлық мүмкіншіліктерді пайдалануда. 23 октябрьдегі совет нотасы осы саясаттың бейнесі және дәлелі болып табылады, бұл нотада Европа мен бүкіл дүние жүзін қатты толқытып отырған даулы проблемалардың шешілуін жеңілдетуге бағытталған жаңа ұсыныстар жасалды.

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы договорды жасау жөніндегі ұсыныстарға қарсылық көрсетушілер, дейді онан әрі газет, мұны мынадай себеппен де істеп отыр: олар герман мәселесін шешуді жеңілдететін жағдайлардың жасалуын тілемейді. Қайта, олар Германияның бөлшектенуін сақтауға, Европаның бір-біріне жау екі лагерьге бөлінуіне тырысады, қылмысты соғыс авантюраларын ұйымдастыруға тырысады. Лондон қарарларымен Париж келіссөздерінің нәтижелері бұған мысал болып табылады. Ең алдымен, Батыс Германияны агрессияшыл Атлантика блогіне қабылдау мұның дәлелі болып саналады. Осы соңғы факті Атлантика ұйымының агрессияшыл сыйпатты тек дәлелдеп қана қоймайды, сонымен бірге бұл блоктің агрессияшылығын бұрынғыдан да күшейте түседі.

Совет нотасы, дейді онан әрі газет, герман мәселесін және басқа маңызды проблемаларды шешудің нақты жолдарын көрсетеді.

## ЧЕХОСЛОВАКИЯ

**ПРАГА, (СОТА).** Совет үкметінің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі жөнінде Францияның, Великобританияның және АҚШ-тың үкметтеріне жолдаған соңғы нотасына

ғанғы системасы» деп аталатынға қосу европалық хауіпсіздікке қатер туғыздудан алыс болып отыр-мыс деп көрсетуге тырысады. Бірақ француз үкметінің Англия тарапынан неміс милитаризміне қарсы келіпдіктер берілуін талап ету фактісі мұндай пікірге француз үкметінің өзінің сенбейтінін көрсетеді.

Совет үкметінің 23 октябрьдегі нотасы мынаны атап көрсетеді: көзіргі уақытта герман проблемасының шешілуі үшін ерекше жауапты төрт держава нағыз кезек күттірмейтін мәселені —Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы мәселені қарауға кірісу және оны шешу үшін барлық шараларды қолданатын, немесе герман милитаризмі қайта тудырылып, неміс халқы ұзақ уақытқа бөлшектелген күйінде қалатын, ал ремилитарландырылған Батыс Германия Европадағы бейбітшілікке тікелей хауіп туғызатын күшке айналатын жағдай туып отыр.

Совет нотасы, деп көрсетеді онан әрі газет, егер басты міндет бейбітшілік және демократиялық негізде Германияны қайта біріктіру болып табылатындығының даусыз фактісі мойындалатын болса, Германияны бейбітшілікпен қайта біріктірудің барлық мәселелері бойынша келісімге жетуге барлық мүмкіншіліктер бар деп атап көрсетті. Егер батыс державалар да осы фактіні негізге алатын болса, онда еркін сайлау өткізу мәселесі жөнінде де келісімге жету қиын болмайтыны күмәнсіз.

Батыс Германияны қаруландыру туралы Парижда қол қойылған келісімді айыптап, газет былай деп жазады: бұл келісімдер негізінде неміс көкшілдерінің қолына қару ұстатуына және Рур заводтарының тағы да соғыс арсеналына айналуына біздің халқымыз батыл қарсы шығады. Біздің халық барлық бейбітшілік адамдармен бірге Совет Одағының төрт держава сыртқы істер министрлерінің жана кеңесін шақыруға бағытталған күресін қуаттайды.

## ИТАЛИЯ

**РИМ, (СОТА).** Италияның прогресшіл газеттері совет үкметінің 23 октябрьдегі нотасы туралы хабарларды көрнекті жерлер беріп жариялады.

«Унига» газеті совет үкметінің нотасы толығынан баяндалған және оның маңызы туралы біршыра пікірлер айтылған мақала жариялады. Атап айтқанда, мақалада нота үш батыс державаның алдына мынадай дилемма қояды делінген: «ССРО-мен бірге Германияны біріктіру проблемасын шешу үшін қолдан келетін шаралардың бәрін қолдану керек, немесе Герман милитаризмінің қалпына келтірілуі үшін және Германияның бөлшектелуі үшін жауапкершілікті өзімізге алу керек, ал бұл Европадағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін елеулі қатер туғызады». «Осы екі жолдан, —деп жазады «Унига» газеті, ССРО бірінші жолды таңдап алды. Ол басқа державаларға екі жолдың бірін күдіксіз таңдап алуды ұсынады.

# ССРО ауыл шаруашылығы қызметкерлері делегациясының Герман Демократиялық Республикасында болуы

**БЕРЛИН, 29 октябрь. (СОТА).** Бүгін Берлиннен Герман Демократиялық Республикасында оның бес жылдығына байланысты қонақ болып жатқан советтік ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің делегациясы Москваға қайтты.

Өзінің ГДР-да болған уақыттарының ішінде құрамына колхоз председателдері, МТС директорлары, машина-трактор бригадаларының жұмысшылары, жоғары өнімдердің мастерлері, атақты мал өсіру-

шілер кіретін Совет делегациясының мүшелері республиканың әртүрлі округтеріндегі ауылшаруашылық өндіріс кооперативтері мен халық иелігіндегі жерлерде болды, әртүрлі ауылшаруашылық құрал-жабдықтарын көрді. Герман Демократиялық Республикасы жұмысшылары мен шаруаларының тұрмысымен танысты.

Көптеген әңгімелерде Совет делегациясының мүшелері Совет Одағындағы ауыл шаруашылығын өркендетудегі жетістіктер жайында айтты.

## ИНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР -МИНИСТРІ НЕРУДІҢ ҚЫТАЙДА БОЛУЫ

**ПЕКИН, 29 октябрь. (СОТА).** Синьхуа агенттігі Индияның премьер-министрі Нерумен оның қасына ерген адамдар еліне қайтып бара жатып жолшыбай Нанкин мен Шанхайда болды. Нанкинде Неру Сунь Ят-сеннің мовзoleyінде болып, веннок қойды. Шанхайда Неру қаланың тарихи орындарымен танысты. 27 октябрь күні кешке Шанхай мэрінің орынбасары

премьер-министр Нерудің құрметіне қабылдау жасады. 28 октябрьде таңертең Неру мен оның қасына ерген адамдар Сунь Ят-сеннің бұрынғы тұрған үйін көрді, сол сыяқты, Шанхайдағы біршыра кәсіпорындарында болды. Сол күні кешке Неру поезбен Ханчжоуга жүріп кетті.

## ШВЕЦИЯ КОМПАРТИЯСЫ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ШВЕД РИСДАГЫНДА ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ

**СТОКГОЛЬМ, 29 октябрь. (СОТА).** Рисдаг болған жалпы айтыс уақытында сөз сөйлеген Швед Коммунистік партиясының председатели Хильдинг Хачберг 9 державаның Лондон кеңесіндегі қарарларына тоқталды және Батыс Германияны қайтадан қаруландырудың европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздікке, соның ішінде скандинавиялық елдерге хауіп екенін атап көрсетті.

Егер Батыс Германияны қайтадан қаруландыру жөніндегі жоспар жүзеге асырылса, деген Хачберг, Дания мен Норвегия халықтары батыс-германиялық қарулы күштердің өздерінің территориясына ерналастырудағы таяу уақыттағы пер-

спективасы болып қалады, мүмкін олардың екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Дания мен Норвегияда оккупанттар ретінде болған немістердің өздері болуы.

Шешен Дания және Норвегия социал-демократтарының Батыс Германияны қайтадан қаруландырып, оны Солтүстік-атлантикалық блока енгізуге келіскен саясаттары «қайғылы және бейшаралық» деп атады.

Біз былай деп есептейміз, деді Хачберг ақыр аяғында, Швеция одақтарға қатыспау жолымен жүруге тиіс, өйткені, Европада коллективтік хауіпсіздік құру Швецияның мүддесіне сай жауап береді.

## ҚХР-МЕН ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҮШІН ЖАПОНИЯДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

**ШАНХАЙ, 29 октябрь. (СОТА).** Киодо Цусин агенттігінің хабарлауы бойынша, 28 октябрьде Токиода жыйналыс болып, оған жүзден артық саяси қайраткерлер, қоғамдық топтардың өкілдері, бейбітшілікті қорғаудың қайраткерлері қатысты. Жыйналыста Жапония, Қытай және Совет Одағы арасындағы бірқалыпты диплома-

тиялық қарым-қатынасты орнату үшін бүкіл елде қозғалысты кеңінен өрістетуге шақыратын қарар қабылданған. Жыйналыста Жапония, Қытай және Совет Одағы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты реттеуге арналған Ұлттық Совет ұйымдастырылған.

## ИТАЛИЯНЫҢ ІШКІ ІСТЕРІНЕ АМЕРИКАНЫҢ ҚОЛ СУҒУЫ

**РИМ, 29 октябрь. (СОТА).** Газеттер американдық Ассошиэйтед Пресс агенттігінің хабарын жариялаған, онда былай делінген: Құрама Штаттар үкметі бұрын италияндық екі өнеркәсіп компаниясына берген соғыс заказдарын қайтып алған, өйткені, бұл компанияларда «коммунистер көбейіп кеткен». Бұл шараны Салернодағы «Ияджо» жеке жасау верфи мен Миандағы «Витария» машина жасау компаниясына қатысы бар.

Агенттік бұған ұқсас шаралар италияндық басқа компанияларға да қолданылады, егер оларда да осы сыяқты жағдай болатын болса, деп мәлімдеген.

Бұл хабарға түсінік бере келіп, «Унига» газеті былай деп жазады: «бұл маневр жаңалық емес, өйткені, коммунистерге қарсы шаралар ретінде қолданылатын заказдармен бөнесала, американдық елшіліктің үкмет пен фашистік ағымның коммунистерге қарсы позициясын күшейтуге қажетті деп талқан уақытында әрдайым қолданылып келді. Бұл маневрдің әдісі, —деп көрсетеді газет, —бұл жерде оның саяси көзқарастан алғанда маңыздылығын кішірейтпейді, себебі ол біздің еліміздің ішкі істеріне арысздықпен қол сұғу болып табылады».

## АДЕНАУЭРДІҢ ВАШИНГТОНДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА



Петропавл паровоз депосының машинист көмекшісі Григорий Евтихевич Тыртышный жолдас демалыс күндері өзінің «Москвич» машинасымен құс атуға шығып тұрады. СУРЕТТЕ: Тыртышныйдың бір жолғы олкасымен тұрған кезі. Суретті түсірген, А. Розенштейн.

# Клуб меңгерушісі

Концерт болады деген хабарды естіп деревняның барлық адамдары клубқа қарай ағыла бастады. Көп ұзамай клубтың кең залы адамдарға лық толды. Портреттермен, көркем плакаттармен безендірілген клуб іші ерекше жыйнақ. Күндізгі жұмыстан соң үйлерінде аз бөгелгеннен кейін клубқа концерт көріп, дем алуға жыйналған адамдар да көңілді көрінеді. Өйткені, олардың барлығы да колхоз шаруашылығында үзбей жұмыс істейтіндер, қажырлы еңбектің қызығын көріп, қуанышына бөленіп жүргендер. Міне, қарт ана Василиса Демченко отыр. Оның ұлкен ұлы Николай тракторшы, келіні Александра тіркеуші болып, кенже ұлы Василий мен қызы Мария да колхозда жұмыс істейді. Олардың бәрі де еңбек озаты.

Көп ұзамай концерт те басталды: «Қулақтан кіріп бойды алар» тамаша әндер де, тыңдаушылардың мейірін қандырап көркемсөздер де бірінен соң бірі өтіп жатыр. Олар кей кезде көз ілеспес жылдамдықты талап ететін билермен ауысады. Еңбекте озат, шат көңілді жастардың көрсеткен өнерлеріне колхозшылар өздерінің ризалығын қол соғып білдірді.

Қызықты концерт аяқтала келе вальс ойынан баян үніне қосыла жастардың билеуімен ауысты. Қарттар өздері билемесе де үйлеріне тарай қойған жоқ. Қаз-қатар қойылған орындықтарға отырған олар қол соғып билеушілерді әлсін-әлсін қуаттап қояды. Өзді-өзді концерттен алған әсерлерін, клуб меңгерушісі Вера Белованың іскерлігін әңгіме етесіді.

Бұл жағдай практикалық іспен тұрғыш кездескен жас қызды көп ойлан-дырды. Алғашқы кезде едәуір қобалжыса да село комсомолдерінің көмегімен клуб ісін жолға қоюға қызу кірісті.

—Тәзгісіз жағдай бұдан әрі осылай қалуға тиіс емес, —деген шешімге келді ол.

Комсомолдермен, бұрынғы активтермен ақылдасып, Вера Каганович атындағы колхоз басқармасы мен Вознесенск селолық Советінің алдына клубты жөндеу туралы мәселе қойды.

Жас клуб меңгерушісінің инициативасын барлық колхозшылар қызу қуаттады. Колхоз басқармасы жөндеу жұмысын жүргізуге арнаулы адамдар бөлді, селолық Совет ішкі өңдеу жұмыстарынан музыка аспаптарын сатып алуға қаржы босатты. Ал, қысқа керекті отынды комсомолдер мен жастар өздері дайындады. Бұл істе, әсіресе тіркеуші Николай Колзеников, комбайншы Иван Любых, жеті-жылдық мектептің оқытушысы Дина Гелязова сыяқты комсомолдер ерекше белсенділік көрсетті. Сөйтіп, қысқа мерзім ішінде клуб үйі қысқы уақытта жұмыс істеуге әзір де болды.

Клуб үйі радиоландырылып, тұрақты киноустановка орнатылды. 40-қа тарта колхозшы жастар мен село интеллигенттерінен құрылған көркемөнер үйірмесі жұмыс істей бастады. Бүгінгі —солардың алғашқы концерті еді.

Кәзір колхоз көркемөнерпаздары Ұлы Октябрьдің 37 жылдығына арнап мерекелік концерт әзірлеп жатыр. Программ-

Бірақ бұл бұл екі жағын білмей, жөндеуіс қалған клуб еді, әбден жарайды, жөнге келтіріп үлгерінті. Япырай, Вера жас та болса талапты, қолынан іс келетін бала екен. Ойын-сауықтар да болмай кеткен еді. Ол да жандана бастады, деседі олар.

Шынында да Вера Белова қабілетті, талапты жас. Ол ата-анасынан жастың айрылса да ешбір кіріптарлық көрмей, Отан анын тәрбиесінде өсті. Ақтөбенің балалар үйінде тәрбиеленді, жетіжылдық мектепті бітірді. 1951 жылы сол қаладағы мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлайтын училищеге түсті.

Ынталы жас барлық пәндер бойынша жақсы үлгерді. Оған, әресе, клуб ісі өте ұнады. Мұны аңғарған тәжірибелі оқытушы Любовь Федоровна Куницина талай рет басқа оқушыларға:

—Вера түбінде жақсы клуб қызметкері болады, —дейтін. Вера Любовь Федоровнаның мың жүректен білдірген пікірін ойына мықтап түйді. Сөйтін, шын мағнасындағы мәдениет қызметкерлері болуға талпынды. Училищені үздік бітіріп қолына диплом алды. Ол үстіміздегі жылдың июль айында облысымыздың Приешім ауданына қызметке келді. Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Яковенко жолдастың:

—Өзіңіз қай жерде істегіңіз келеді? — деген сұрағына ол:

—Мүмкіндігі болса село клубтарының біріне жіберсеңіз, клуб ісін жақсы көремін, —деп тоқталмай жауап берді.

Оның тілегі орындалды. Вознесенск селолық клубында соңғы жылдары ешқандай жұмыс жүргізілмейтін. Бір кезде қызықты концерттерімен колхозшылардың сүйіспеншілігіне ие болған көркемөнерпаздар үйірмелері де тарап кеткен. Вера жөндемей, біраз уақыт пайдаланусыз тұрған клубты қабылдап

ССР Одағы халықтарының өндері мен билері бар.

Баганович атындағы колхоздың партия ұйымы клуб үйі жанындағы лекторийдің жұмысын жандандыруға көп көңіл бөлуде. Лекторийдің құрамына ауыл шаруашылығы мамандары, дәрігерлік қызметкерлер және оқытушылар тартылған. Көзір оқылатын лекциялар мен баяндамалардың нақтылы жоспары жасалды.

Жақында оқытушы Кузьменко жолдас «Діни сенімдердің тууы және олардың біздің қоғамымызға келтіретін зияны» деген тақырыпта лекция оқыды. Тааудығы күндерде оқытушы Савинкин жолдас «Аспан әлемінің құрылысы және жұлдыздар системасы» деген тақырыпта лекция оқымақ.

Бұл жүргізілген жұмыстар біздің алғашқы қадамымыз ғана, —дейді Белова жолдас.

Шынығында да солай, ал жасалған жоспар үлкен. Бұл колхозда өзінің қажырлы еңбегімен жұртшылықтың сый құрметіне ие болған адамдар көп. Солардың бірі тәжірибелі сауыншы Мария Семидоцких жолдас. От өткен жылы қарамарындағы 13 сыйырдың әрқайсысынан 2 мың литрден астам сүт сауып, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Көрмеде еліміздің түрлі облыстарынан келген озат малшылармен кездесіп, олардың тәжірибелерінен үйренді. Мұнымен бірге мұнда кинофильмдердің алдынан сәулемді газет көрсетіледі. Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі партия мен үкметіміз алға қойған міндеттердің табысты орындалуы колхозды деревняда мәдени-ағарту жұмысын барынша кең өрістетіп жүргізуге тығыз байланысты. Алдағы уақытта да клуб үйінің жұмысы осыған сай жүргізіледі.

**Х. РАХМАТУЛЛИН.**

*«Ленин туының» дабылынан кейін*

## «Мәдени-ағарту мекемелері қысқы маусымға дайын емес.»

«Ленин туының» осы жылы 8 октябрьдегі номерінде осындай тақырыппен сын мақала жарияланып, онда Преснов ауданындағы бірқатар мәдени-ағарту мекемелерін қысқы маусымда жұмыс істеуге әзірлеудегі кемшіліктер атап көрсетілді.

Бұл мақала аудандық мәдениет бөлімі мен Мәдениет үйі қызметкерлерінің кеңесінде талқыланды, оған мақалада аты аталған мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері де қатыстырылды.

Кеңесте мақалада көрсетілген фактілер толық анық деп табылып, ол кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді.

Көзір ауданда мәдени-ағарту мекемелерін қысқа үлгілі әзірлеу жөнінде бірқа-

тар жұмыстар жүргізілді. «Баян» колхозының клубы босатылып, мәдениетті түзге келтірілуде. Архангелка селосындағы клуб та босатылып берілді. Көзір онда көркемөнер дарындыларының үйірмелері жұмыс істейді және жиі-жиі кинофильмдер көрсетіліп тұрады.

Казанка селосында клуб жұмыс істейді. Клуб жанына көркемөнер дарындыларының үйірмесі ұйымдастырылған. Үйірменің жұмысына тікелей клуб меңгерушісі Новоселова жолдас өзі басшылық етеді.

**Б. КӘРІМБАЕВ,**

**ҚКП Преснов аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.**

тоқтала келіп, «Руде право» газеті бүгін былай деп жазады: тарихи тәжірибе герман милитаризмін қайта тудыру Европада жаңа соғыстың хауіпін туғызатынын көрсетіп отыр. Германияны бейбіт жолмен қайта біріктіру және Совет Одағы ұсынған коллективтік хауіпсіздік системасын жасау Европадағы бейбітшіліктің нығайтылып, сақталуына жеткізер еді.

Француз үкметі 10 сентябрьде Совет Одағының үкметіне жолдаған нотасында Батыс Германияны батысевропалық «қор-

«Аванти» және «Наэзе» газеттері де совет үкметінің нотасынан толық үзінділер жариялады. «Наэзе» газеті, атап айтқанда, Германияны қаруландыру туралы мәселе жөніндегі Лондон және Париж келісімдері соғыс кезінде және соғыстан кейін бірден -ақ жасалған және ең алдымен герман милитаризмін қайта тудыру әрекеттеріне қарсы бағытталған ағылшын-совет және француз-совет договорларына мүлдем қайшы келетіні атап көрсетеді.

## Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 29 октябрь. (СОТА). Бір ай бойы Англияның сегіз ірі порттарында Лондон, Ливерпуль, Веркенхед, Гуль, Сауттемпитон, Манчестер, Гарстон мен Роучестер кеме жөндеу верфтерінің докерлары мен жұмысшылары ереуіл жасап жатыр. Бұл порттардың докторы мен кеме жөндеу верфтерінде 446 кеме тоқтап тұр. Рейтер агенттігі кеше және бүгін Лондонда, Ливерпульде, Манчестерде және басқа да порттарда ереуіл көтерушілерге тағы да бірнеше жүздеген докерлар қосылды, деп хабарлайды.

Ереуіл көтерушілер елдің еңбекшілерінен қолдау табады. Олар көптеген хаттар, азық-түлік посьыжаларын және ақша пьреводтарын алуда. Ереуіл көтерушілердің қатарын ыдыратуға тырысқан оңшыл кәсіподақ лидерлерінің әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды.

Ереуіл көтерушілердің топтасқандықта-

ры мен табандылықтарына көздері жеткен кәсіпорындарының қожалары келіссөздер жүргізе бастады. Рейтер агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше көшке Лондон порты кәсіпорындарының қожалары ереуіл көтерушілерге «бейбітшілік ұсыныстар» жасаған. Олар жұмысшылардың талаптарын негізінен қанағаттандыруға, соның ішінде мерзімінен тыс азаны жұмысты жоюға келіскен. Ереуіл көтерушілер, сол сыяқты, ереуіл аяқталғаннан кейін ереуілге қатысушыларға қарсы ешқандай репрессиялық әрекеттердің жасалмауын, жұмысты қайтадан бастау үшін олар келісіп отырған жағдай Англияның барлық порт жұмысшыларына таратылуын талап еткен. Бұл талаптарды делінген хабарда, кәсіп иелері қабылдамай қойған, докерлар ереуілді бұдан әрі де соза беруге бел байлаған.

## Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы, төрт ұлы державалардың келіссөздер жүргізуі үшін ГКП Басқармасының мәлімдемесі

ДЕЛІ, 29 октябрь. (СОТА). АДН агенттігі 27 октябрьде ГКИ Басқармасы секретариатының мәжілісі болып, онда Париж келісімі мен Совет Үкметінің герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу туралы Нотасы талқыланды, деп хабарлайды. Мазмұндама жарияланып, онда ГКИ Басқармасының секретариаты былай деп мәлімдеген: Парижде қол қойылған договорлардың іс жүзінде асырылуы Германияның бейбітшілік жолмен қайта қосылуына ұзақ мерзімге дейін мүмкіндік бермес еді. Совет Одағының жаңа Нотасы, делінген мазмұндамада, неміс халқына үстіміздегі жылдың өзінде-ақ өзінің ұлттық бірлестігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

«Біздің неміс халқы екі түрлі герман

саясатының біреуін ғана таңдап алуға тиіс, — делінген мазмұндамада, —барлық салмағын еңбекші жұртшылыққа артып Германияны қайта қаруландыру, оккупациялық әскерлерді Батыс Германияда 1998 жылға дейін қалдыру, Германияны бөлшектеу хауіпін тереңдеуі мен соғыс хауіпін күшейтілуі, я болмаса, Совет Үкметінің Нотасында ұсынылғандай жалпы германиялық еркін сайлау жолы мен біздің Отанымызды бейбітшілік жолмен біріктіру және оккупациялық әскерлерді әкету».

ГКП Басқармасы ақыр аяғында барлық еңбекшілерді бундестаг депутаттарынан бұл договорларды іске асырмай тастау мен төрт держава келіссөздерін жүргізуді талап етуге шақырған.

## БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ ҚАРУЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 29 октябрь. (СОТА). Францияның бейбітшілік Советі Ұлттық бюросы Францияның барлық азаматтарына Батыс Германияны қаруландыруға қарсы үзінді-келісді қарсылық білдірілген документтерге қол қоюға шақырған. Документте парламент депутаттарын Лондон және

Париж келісімдерін ратификацияламауға шақырған, сол сыяқты, үкметтің герман мәселесін бейбітшілік жолмен реттеу мақсатында төрт ұлы державалар арасындағы келіссөздер жүргізуге тез арада келісуі талап етілген.

ВАШИНГТОН, 28 октябрь. (СОТА). Кеше Батыс Германия канцлері Аденауэрдің АҚШ-тың президенті Эйзенхауэрмен болған кеңесінен кейін, олардың бірлескен мәлімдемесі жарияланған. Онда Батыс

Германияны қаруландыру мен оны Батыстың «қорғансыз системасы» деп аталатынға тарту үшін Лондон мен Парижде қабылданған сепараттық қарар мақұлданып.

## ИРАНДА ОПОЗИЦИЯ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ҚУҒЫНДАУ

ПАРИЖ, 29 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, Иранның оппозициялық соғыс пункті Мосаддық үкметінің бұрынғы сыртқы істер министрі Хосейн Фатемиге

өлім жазасы кесілген үкімді, сол сыяқты, меджлистің 17 шақырылуының депутаттары Шаған мен Разавиге өмір бойы қаторғалық жұмысқа кесілген үкімді бекіткен.

## ТҮРКИЯДА БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ

СОФИЯ, 29 октябрь. (СОТА). Түрк газеті «Журналь-доинанга» сүйене отырып, Болгар телеграф агенттігі быйылғы жылы Туркияда бағаның едәуір көтеріліп отырғандығы жөнінде хабарлайды. Газет-

тің хабарлауы бойынша пәтер ақысын төлеу 33 процент, азық-түлік бағаларының бағасы 10 проценттен аса қымбаттатылған.

## ИОСИДА ЛОНДОННАН ЖҮРІП КЕТТІ

ЛОНДОН, 28 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі, Жапонияның премьер-министрі Иосида бүгін Лондоннан Сауттемпитонға

шықты, ол Нью-Йоркқа барады, деп хабарлайды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДАУЫЛ»

Сеанстар сағат 3, 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»

Сеанстар күндізгі сағат 10, 12 және 2-де басталады.

Қарағанды облыстық еңбек резервтері басқармасы Қарағанды, Балқаш, Теміртау қалаларындағы техникалық училищелерге оқушылар алады. Техникалық училищелер мына мамандықтар бойынша жоғары мамандықтағы жұмысшылар және кіші техникалық қызметкерлер, қуатты крандардың, турбиналардың, көмір комбайндарының, эксваторлардың машинистерін, шахта электр слесарьларын, токарлар, фрезеровщиктер, электр қуатымен мыс балқытушылар, құрылысшы десертниктер, кезекші бұрғылау мастерлерін және басқаларын даярлайды.

Техникалық училищеге орта мектепті бітірген жігіттер мен қыздар қабылданады. Училищеге оқу тегін. Оқуды үлгерушілерге мына мөлшерде: көмір шығатын жерлерді зерттеу, геологиямен байланысты мамандықтарға оқыйтындарға айына 360 сом, қалған мамандықтарға оқыйтындарға 235 сом стипендия төленеді. Барлық пәндерді өте жақсы бағамен үлгерушілерге стипендияға 25 процент мөлшерінде қосымша төленеді.

Балалар үйлерінен тәрбиеленушілер, ата-анасы жоқ жетімдер, Отан соғысының I және II группадағы мүгедектерінің балалары тегін тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Сол сыяқты, оларға айына 50 сом мөлшерінде стипендия төленеді.

Басқа қалалардан келіп оқыйтын оқушылар тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Техникалық училищеге оқу мерзімі бір жыл, ал жеке ерекше күрделі мамандықтар бойынша — екі жыл.

Оқуға қабылдау жөніндегі арыздарға мына документтерді: орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат (немесе аттестаттың нотариос бекіткен көшірмесін) тұрған жерінен алған анықтамасын, денсаулығы туралы анықтаманы, семья мүшелерінің құрамы туралы анықтаманы, 3 фотосуретін қоса жіберу қажет. Паспортын өзі келгенде ала келеді.

Техникалық училищені өте жақсы бітіргендер өндірістен қол үзбей онан әрі оқуы үшін қабылдау емтиханын тапсырып, кешкі және сырттан оқыйтын институттарға конкурсыз қабылданады.

Арыздарды мына адрес бойынша: Қарағанды қаласы, Жаңа қала, Сталин проспекті, 10-үй. Қарағанды облыстық еңбек резервтері басқармасына жіберу керек.

**Қарағанды облыстық еңбек резервтері басқармасы.**

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.